

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Биыл табиғат көріне мініп-ақ тұр. Жыл басында қаңтардың қақаған аязы ауылды ауыз судан қақса, енді қызыл су қызыл кеңірдектен алып жатыр. Алатауды бектерлеп қонған Талғар, Жамбыл, Қарасай ауданының тұрғындары көктемгі қарғын судан зардап шегуде. Бұл – жылдағы жыр. Қарасай ауданының тұрғындары былтыр, алдыңғы жылдың көктемінде және жаз айларында тасқын судың астында қалып қойған еді. Айтып келетін апатқа айналғалы қашан?

АЙТЫП КЕЛЕТІН АПАТ

немесе су астындағы ауыл



Әйтпесе, Алматының іргесіндегі Тұздыбастау ауылы қарғын су түгілі, тасқынның астында қалатын ауыл емес. Сайдың аузында немесе өзен бойында тұрған жоқ. Қонған орны биік. Солай бола тұра, бір аптадан бері ауыл азаматтары сумен алысып әлек. Тұрғындардың айтуынша, 23 ақпаннан бері ауылдың төменгі жағындағы жаңадан салынған көшелерге су жиналып, сол жердегі екі көшені тұншықтырып жатыр. Тұрғындар ұлап-шулап, әкімге хабар берген. «Су астында қалғалы жатырмыз. Көмектесіңдер!» деп жанұшырыпты. Бірақ «Көрсетілген көмекті көзіміз көрген жоқ» — дейді үйіне кіре алмай жүрген жұрт.

27 ақпанға қараған түні Тұздыбастаудағы халық орнынан тік тұрды. Төтенше қызметтің мамандары келіп, сел алған бірнеше көшенің тұрғындарын қауіпсіз жерге көшірген. Ресми ақпарат көздері «1 мың адам көшірілді» деп хабар таратты. Бірақ оны

Талғар ауданының әкімі Райхан Салыкова жокқа шығарып отыр. Тілшілерге берген сұхбатында, аудан әкімі 29 үйдің қора-жайын су алғанын айтты. Төрт үйдің ішіне қызыл су кіріп, адамдары үйден шығарылған. Ол «Бұл ауыл ішіндегі жаңадан ашылған шағын аудан. Сондықтан, мұндағы тұрғындардың көбі әлі күнге дейін үй құжатын рәсімдеп үлгермеген. Бірақ қызыл судан зардап шеккендердің бәріне көмектесеміз», — деді. Біз өзен болып ағып жатқан мол судың қайдан келіп жатқанын, көшелерге неге арық қазылмағанын сұрадық. Оған әкім «Үлкен Алматы каналының бір бөлігі осы Тұздыбастау ауылын кесіп өтеді. Мына тасқын сол каналға сыймай, ауылға кірген. Әр көшенің басында арық болғанда, әрине, бұлай

болмайтын еді», — деген жауап берді.

Реті келіп тұрған соң, біз де Райхан ханымнан көкейде жүрген бір-екі сауалдың жауабын білгіміз келді. Еске түсірсек, екі жылдан бері Тұздыбастау ауылының көшелері сатылып, тұрғындар үлкен жолға шыға алмай қалған болатын. Көшесі сатылып кеткен жұрт әкімге барып, бірнеше рет телеарналарды да шақырды.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Жуырда үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев білім және ғылым министріне бірқатар ескерту жасады. Білім саласындағы реформалардың қоғам мен Парламент тарапынан жиі сынға ұшырауын алға тартқан Премьер-Министр «орта білім беру жүйесін жаңа мазмұнға көшіру кезінде ел-жұрттың пікірін ескеріңдер» — деді. Үкімет отырысынан соң білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиевке бірер сұрақ қойған едік.



Е. САҒАДИЕВ:

0-СЫНЫПҚА ДАЙЫН ЕМЕСПІЗ

— Ерлан Кенжеғалиұлы, бұған дейін 12 жылдыққа көшуге байланысты 2019 жылдан бастап нөлінші сыныпты енгізу жоспарланған еді. Сіз бұл бастаманы тағы бір жылға шегеріп отырсыз. Неліктен, дайындық шамалы ма, әлде басқа себебі бар ма?

— Сауалыңыз орынды. Алғашқы жоспарымызда нөлінші сыныпты енгізу 2019 жылға жоспарланған болатын. Бірақ бағдарламаға өзгерістер енгізіліп жатыр. Себебі сараптамадан өткен оқулықтарымыздың барлығы кирилл қарпімен жазылған. Енді латын әліпбиіне көшуге байланысты оқулықтарды біржола жаңа қарпімен басқан дұрыс деп есептейміз. Осыған байланысты 400 мыңға жуық балаға нөлінші сыныптың жаңа оқулықтарын басып шығару керек болып тұр. Бұл қаржы жағынан да тиімді болады. Бұдан бөлек, оқулықтарды дайындап, сараптама мен апробациядан өткізу, мұғалімдерді дайындау үшін де біраз уақыт керек. Сондықтан нөлінші сыныпқа көшуді 2020 жылға қалдырдық.

— Үкімет басшысы білім саласындағы реформаларға байланысты қоғамның да пікірін ескеру қажет деді. Жаңа мазмұнға көшу жүйесіндегі бір жаңалықты айтып кетіңізші?

— Ең алдымен айтып кететін нәрсе, жанартылған мазмұндағы бағдарлама Назарбаев зияткерлік мектептерінде, одан кейін 30 мектепте пилоттық жоба ретінде сынақтан өтті. Салыстырмалы нәтиже бойынша, білім сапасының орташа балы екі есеге өсті. Жаңа жүйеге көшудің тиімді тұсы көп. Мәселен, осы кезге дейін жүзеге асырылған 4 жылда бір рет міндетті түрде оқулық сатып алу нормасы алынып тасталды. Тек қана білім стандарттарына, оқу бағдарламасына маңызды өзгеріс енгізілген жағдайда жаңа оқулық қайта басылып шығарылады. Одан кейін баспалар оқулықтың электрондық нұсқасын міндетті түрде ұсынатын болады. Тағы бір өзгеріс, жергілікті атқарушы мекемелерге оқулықпен толық қамтамасыз ету үшін қажеттілігіне қарай ғана сатып алатын мүмкіндік берілді. Олар наурызда келесі оқу жылына арналған оқулықтың тізімін жасап, сәуір айында сатып ала бастайды.

Сұхбаттасқан
Бейсен НАРЫНБЕК



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
64,87



DOLLAR
320,30



EURO
391,41



АЛТЫН (ун.)
1311,60



БІЗДІҢ СҰХБАТ

Ермек ТҰРСЫНОВ:

ҚИСЫҚ АЯҚҚА ҚЫЗЫЛ КЕБІС НЕ КЕРЕК?



Меніңше, әр адам өз ісімен айналысуы керек. Егер шатасар болса, айналасындағының барлығын адастырады. Мен ешкімді бөліп-жарғым келмейді. Өз басым телеарнаны көп көре алмаймын. Әсіресе, өзімізде түсірілген сериалдарды. Көп болса, 2-3 минутқа шыдамым жетеді.

(Толғырақ 5-бетте)

БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ НАЗАРЫНА!

Оқушыға еліміздің дүниежүзі саяси картасындағы орны мен экономикасы туралы мақтанышпен айтып оқытатын 8-сыныптағы «Қазақстанның физикалық географиясы», ал 9-сыныпта оқытылатын «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» келесі оқу жылынан бастап жеке пән ретінде оқытылмайтын болды. Бұл бізді толғандырып отыр.

ЖАҒРАФИЯ ПӘНІНІҢ ЖАҒДАЙЫ МҮШКІЛ



(Басы 7-бетте)

ӘЛЕУМЕТ. t°

Тұғыр қайда,
мен қайда?



(Жалғасы 2-бетте)

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ

Апта басында ақпарат және коммуникациялар министрі қабылдаған Нұрсұлтан Назарбаев латын әліпбиіне көшу, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге байланысты «Парламент пен үкімет өз жұмысын мемлекеттік тілде жүргізісін» деген тапсырма берген болатын. Іле-шала үкімет іске кірісіп, сейсенбідегі кезекті жиынын мемлекеттік тілде жүргізді.

Бұған дейін үкімет отырысы негізінен орыс тілінде өтетін. Министрлер де, әкімдер де амандасуы мен баяндамасының «бісмілдісін» қазақша айтады. Қалғаны орыс тілінде жалғасады. 26 ақпанда тұңғыш рет бастан-аяқ қазақша өтіп жатқан жиналыстың шырқын Ақмола облысының әкімі бұзды. Премьер-Министрге инвестиция

мемлекеттік тілдегі жауабына қанағаттанбады. Ол көлік сақтандыру мәселесін заңмен реттеуді сұраған болатын. «Кешірім сұраймын, Нұрлан Зайроллаұлы. Мен баяндамашының жауабына қанағаттанған

не керек? Осы Парламент қабырғасында бірнеше шақырылымда депутат болып, бірақ бірде-бір рет қазақша сөйлемеген қазақ ұлтының өкілдері бар. Міне, оларға уақыт келді», — дейді.



ҚАЗАҚША ӨТКЕН ЖИЫН

тарту бойынша онлайн-есеп берген Мәлік Мырзалин ежіктеп бастаған баяндамасын орысша жалғастырды. Өңір басшысының бұл әрекетінен соң білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев те жарты сөзін орысша айтамын деп жиыннан соң журналистерден әрен құтылды. Лифтіге кіргізбей сұрақтың астына алған тілшілерге министр «Келесі жолы 100 пайыз қазақша сөйлеймін» деп уәде берді.

Үкімет үйінің дәлізінде дүрлігіп жүрген БАҚ өкілдеріне ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев жауап берді. Үкімет пен Парламенттің мемлекеттік тілде жұмыс істеуге дайын екенін де тілге тиек еткен министр өзге тілде сөйлейтіндер үшін синхронды аударма жүйесінің жолға қойылатынын жеткізді.

Сәрсенбі күні Мәжілістің жалпы отырысы да бұрынғыдан өзгешелеу өтті. Бұған дейін де мемлекеттік тілге мән беретін заң шығарушы мекемеде бұл жолы, тіпті өзге тілді депутаттар да қазақша баяндама оқып, сұрақ қойды. Дегенмен кейбір шенеуніктер тіл сындырамыз деп сыңға қалды. Ұлты басқа болғанымен, ұғымы қазақ Геннадий Шиповскихтің өзі Ұлттық банк төрағасының

жопын. Сұрағымды қайтадан қоюға мәжбүр болып отырмын. Себебі бұл мәселе көптен бері барша отандастарымызды мазалап жүрген сұрақ» деген депутатқа Ұлттық банк басшысы Данияр Ақышев алдындағы қағаздарын шатастырып, басқа сұрақтың жауабын бергенін айтып ақталды.

Ал бұрынғы депутат, тіл жанашыры Оразгүл Асанғазы өздері дайындап, өздері қабылдаған заңды Үкімет пен Парламент орындауға міндетті дейді. Тіпті «Тіл туралы» заң қабылданған 1989 жылдан бері қыруар қаржы бөлініп, орыс тілді шенеуніктер тегін оқытылып жатқан көрінеді. Ол бірнеше шақырылымда депутат болып, бірде-бір рет қазақша сөйлемеген бұрынғы әріптестерін де сыңға алды. Оразгүл Асанғазы «Содан бері өздерін де, жұртты да алдап келе жатқан болса, өз обалы өздерінде. Елбасы «Қазақ қазақпен қазақша сөйлеу керек. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» деді. 2006 жылы Қазақстан Халқы ассамблеясының үлкен жиынында Президент қазақстандықтарға үш тілді білудің маңызын да атап өтті. Соның ішінде қазақ тілі — негізгісі, маңыздысы. Себебі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Одан басқа

Дегенмен, қазіргі депутаттардың бұл пікірге алып-қосары бар. Соңғы шақырылымда Мәжіліске сайланған Анар Жайылғанова «Мемлекеттік мекемелер ішінде Парламент бұрыннан мемлекеттік тілде жұмыс істеп келе жатыр. Кейбір тілі жаттықпаған депутаттардың ең бастысы қазақша сөйлеуге тырысканының өзі неге тұрады» деп әріптестеріне шаң жуытпады. Ал Парламенттегі қаржы жүйесіне қатысты заң жобаларының басы-қасында жүретін Гүлжан Қарағұсова түсініксіз қазақшасын айтып, «мемлекеттік тілді білемін» деп ақталды. «Мен әрдайым баяндамаларды қазақша жасап жүрмін. Менің сөзіме барлығы да түсінеді», — деген депутаттың пікірін әріптесі Бекболат Тілеухан былайша өрбітті: «Менің позициям, қалай сөйлесе де, мемлекеттік тіл Парламент қабырғасында салтанат құрғанының өзі неге тұрады. Біз де өткен ғасырдың басында осылай орысша түсініксіз сөйлегенбіз. Кейін жетілдік».

Көш жүре түзелер!

Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

49

жыл. Ақмола облысында бір ауылды жайылымдық жерімен қоса осыныша уақытқа жалға берген

9

Атырауда елімізге танымал әншінің концертіне келген көрерменнің саны

8

мың гектар – Астана аумағына қосылған жер көлемі. Қалада төртінші аудан пайда болды

7 сөз

Отандастарымыз жеті елге виза аштырмай бара алады

Ерболат ДОСАЕВ,
Премьер-Министрдің орынбасары:



«Отандастарымыздың дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге қатысты наразылығы әлі де басылмай тұр. Маған осы мәселе бойынша депутаттардан да, қоғамдық ұйымдардан да сауал жиі түседі. Соған қарағанда, науқастарды дәрі-дәрмекпен дұрыс қамтамасыз етпейді. Препарат берілмесе де, қағаз жүзінде берілді деп жазса салады. Тегін берілетін дәріні ақшаға сату дерегі де бар. Сосын дәрігерлер емделушіні дәрі-дәрмек сатып алуға міндеттейді екен.

Ондай мекемелердің басшыларына қатысты қатаң шара қолдану қажет. Кейбір аймақтарда артық жазылған дәрі-дәрмектің көлемі алдыңғы жылдармен салыстырғанда 50-60 пайызға көп»



Елжан БІРТАНОВ,
Денсаулық сақтау министрі:

«Біздегі деректерге қарағанда, емделушінің 20 пайызы дәрі-дәрмекті алмаған болып шықты. Алайда жергілікті атқарушы мекемелер бәріне қолма-қол бердік деп отыр. Бұдан бөлек, науқастардың 18 пайызы дәріні толық алмаған. Сонда жаңағы 20 пайыздың өзі – барлық өңірге кететін дәрінің екі айлық көлемі. Демек, әрбір бесінші препарат белгісіз жаққа кетеді. Бәлкім, біреулер тегін препаратты ашық ұрлайды да, біз білмейтін жаққа жіберіп отырады. Ал кейбір мәлімет бойынша ондай дәрілер жекеменшік дәріханаға түседі. Тіпті шекара асып, көрші елдердің нарығына кетіп жатыр деген дерек бар»



Жазылған жайдың жаңғырығы

Жуырда Астана әкімінің орынбасары Сергей Хорошунның есептік кездесуінде ашына сөйлеген «автоматикалықтардың» сөзі ел-жұрттың назарын аударды. Аталған аумақтағы 6 үйдін бесеуі өткен жылдары сүріліп, иелері жана қонысқа көшіріліпті. Ал 40 пәтерлі 5 қабатты ғимаратты тексерген комиссия қисынсыз шешім шығарған. 20 жылдан аса уақыт әр пәтерде пеш жағып отырған нысанның «жылу құбырының 80 пайызы тозған» деген қорытынды жасапты. Бұдан бөлек, шатыры да шұрық-тесік. Кәріз жүйелері де істен шығып, жертөлесі өбден тозған. Мұржасы көп бес қабатты үйдің айналасы көмір қора, тіпті қаладан шыққан күл-қоқысты да осы манға

Газетіміздің өткен санында Астана іргесіндегі Автоматика тұрғын үй алабындағы тұрғындардың жанайқайын жариялап едік. Қала шетіндегі қараусыз қалған бес қабатты үйдің тұрғындары 22 жылдан бері пәтерінде пеш жағып келген. Өндірістік аймақта орналасқан баспана иелерінің базынасы билікке жетіп, жуырда Елорда басшылығы Автоматикадағы көпқабатты жалғыз үйді сүріп, иелерін жаңа баспанаға көшіру жөнінде шешім қабылдапты.

МҰРЖАСЫ КӨП ҮЙ СҮРІЛЕТІН БОЛДЫ

төгеді екен. Астана іргесіндегі көпқабатты үйдің маңында мектеп, балабақша секілді әлеуметтік нысан тұрмақ, азық-түлік дүкені де жоқ. Тұрғындардың үміті қалаға қатынайтын жалғыз автобуста. Көмір жағып, газ баллон қолданатын тұрғындар жанын шүберекке түйіп отырады. Себебі екі жыл бұрын үш бала ыстан уланып қайтыс болса, 8 жыл бұрын осы тұрғын үйде пештен ақау шығып, бір отбасынан үш адам өртеніп кеткен.

«Мамонттар секілді қатып қалғанша ешкімге керек емеспіз бе» деп ашынған тұрғындарға есептік кездесу жиында Сергей Хорошун «Келесі аптада өзім шығып, аудандық әкімдікпен және тұрғын үй инспекциясымен барамын. Мәселені шешуге тырысамын» деп уәде берген еді. Айтқанында тұрды. Орынбасары С.Хорошунға сенім артқан Астана әкімі Әсет Исекешев өндірістік аймақта қалған жалғыз үйді сүру туралы шешім қабылдады.

jasqazaq.kz

Әлеумет.t⁰



Пиончандағы қысқы Олимпиада басталғаннан мазамыздың қашқаны рас. Бастапқыда алтын, сосын күміс күттік. Ақырында қоланың өзін місе тұтатын күйге жеттік. Жүлдеге жарымасақ та, корей жеріндегі айтулы спорт шарасы туралы аз-кем тарқатып көрелік...

Бұл — еліміз Тәуелсіздік алғалы қатысып отырған 7-ші Олимпиада. 1994 жылы 3 бірдей жүлде әперген Владимир Смирновтан кейін, қайрауы жеткен қылыштай ешкімнің шықпауы қынжылтады, әрине. Смирновтың өзі

могул түрінен үшінші орынды жеңіп алды. Іріктеу сындарында 7-ші, алғашқы финалда 6-шы нәтиже көрсеткен 25 жасар шығысқазақстандық қыздың бұл үшінші Олимпиадасы. «Ер кезегі үшке дейін» деуші еді. Бірақ ерлер жасай алмаған ерлік Юлианның қолынан келді. Тіпті оның бір қолы да сынған-тұғын.

Роман Креч, Денис Кузин және Галина Вишневская сияқты көпті көргендер бір сыдырғы жүрісінен танбады. Жанбота Алдабергенова жаналық әкелер деп күткен аңғал

ҚОЛАНЫ АЛҒАНЫМЫЗҒА ДА ШҮКІР...

араға төрт жыл салып, қоны жығылмай-ақ қола әперген еді. Людмила Прокашева, Елена Хрусталева мен Денис Тенді де айтпай кетуге болмас. Елена Хрусталеваны Ресейден алдырдық. Сонда бар-жоғы жеті жүлденің алтауын жергілікті спортшылар алды. В.Смирнов кенестік спорт мектебінде шыңдалды десек, одан бері қысқы спорттың алға жылжуынан гөрі, артқа құлдырауы басым екен. Осы жол қазақ жанкүйерлері Пиончанға кеткен өрендердің соңынан үмітпен қарап қалған. Кем дегенде 2-3 медаль еншілейтін шығар дескен. Ондағысы Денис Тен, Дмитрий Рейхерд, Алексей Полторанин сынды сақа спортшыларға сенім артса, шорт-трекшілер мен басқа да фристайлшы қыз-жігіттер жақсы нәтиже көрсетер деп үміттенуі еді.

Шорт-тректегі Оңтүстік Кореядан аттай қалап алдырған Ким Йонг А өзіміздің Абзал Әжіғалиев пен Нұрберген Жұмағазиевтен артық емес екенін байқатты. Қаржыны желге шашпай, өзіміздің өрендерді дайындауға не кедергі болғанын түсінбей дал болдық. Осындай бес минуттық ләззатқа мас болғанша, болашақтың қамын жасауға ұмтылған абзал ма? — деген ойға қаласын. Жә, ол біз шешетін шаруа емес.

11 ақпанда Юлия Галышева фристайлдың

Осылайша дүниені дүрліктірген Олимпиада дүрмегі де мәреге жетті. 92 ел қатысып, оның отызы жүлдеге таласты. Еліміз 28-орынды місе тұтты. Осыған да қанағат деуге болар еді. Бір қызығы, алдымызды екі қоламен Жана Зеландия орап кетті. Мәдениет және спорт министрлігі, Ұлттық Олимпиада комитеті және басқа да жауапты мекемелер Олимпиада ойындарында кеткен қатені ескеріп, алдағы долларларда халық сенімін ақтауға күш салады деп үміттенеміз. Өз кезегінде спортшылар да намысқой болып, елін жан-тәнімен сүюі керек. Әйтпесе, кейбіреуінің Олимпиадаға не үшін барғаны өзіне де беймәлім сияқты. Бұл да алаңдатады.

Мадияр АРЫСТАНБАЕВ,
спорт шолушысы



Бекболат ТІЛЕУХАН,
Мәжіліс депутаты:



«Ғалымдардың айтуынша, қабілетті бала әліппені 22–24 күнде үйренеді. Қабілеті жоқ деген бала әрі кеткенде 60 күнде меңгереді. Ал менің 1–сыныпта оқитын балам 26 ақпанда әлі «ю» әрпінде жүр, 7 ай оқып жатыр. Балада еңсесін көтеріп, ойнайтын мүмкіндік жоқ. Таңертең мектепке 8:30–да кетіп, үйге 5–те келеді. Не алып жатқан білімі жоқ, не бала болып демала алмайды. Түстен кейін не дзюдоға бармайды, не домбырасын тарта алмайды. Бұдан асқан жүктеме, қиыншылықты көріп отырған жоқпыз»

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ,
білім және ғылым вице-министрі:



«Менің балам 2–сыныпта оқиды. Алдыңғы жылы жаңартылған білім беру мазмұны бойынша балам әліппені оқыды. Қиын болды, бүгін оқу білмейді деп айта алмаймын. Балалардың наурызға дейін әліппені оқып жатқаны типтік бағдарламаға байланысты»

АНТИ
ІЕЗА

Төтенше жағдай

(Басы 1-бетте)

Бірақ көк қағазға айырбасталған көше сол күйінде қалды. Оны алған тұрғындар көшенің басын буып, үй салып, қора-жайын қымтап алған. Талғар ауданының әкімі бізге сатылған көшенің мәселесі әлі де май шаммен қаралады деген жұбату сөзін айтты.

— Енді кеш емес пе? Жұрт үй салып орнығып алды ғой, — деді.
— Бұл мәселе әлі тексеріледі. Мен ол көшелерді ашуға пәрмен бергенмін. Мына жағдайдан шығып алайық, содан кейін айналысамыз», — деді Райхан Салықова.

Селден зардап шеккен ауыл тұрғындарының жай-күйімен танысуға Алматы облысының әкімі Амандық Баталов та келіп кетті. Өңір басшысы «Таскыннан зардап шеккендердің бәріне көмектесеміз. Арнайы комиссия құрылатын болады. Ешкім назардан тыс қалмайды» — деп



АЙТЫП
КЕЛЕТІН
АПАТ



Райхан Салықова

жұрт алдында уәде берді. Көнілі пәс ауыл тұрғындары әкімнің бір ауыз жылы сөзіне көдімгідей тоғайып қалғандай.

Үйін сел алған тұрғынның бірі — Анар Дәркембаева. Жалғызбасты ана. Үйі көшенің басында орналасыпты. Сырт бүтін демесен, іші — телегей-теніз.

«Біз ешнәрсе істей алмаймыз» — деді. Бізден кейінгі көшенің тұрғындарына да барыпты. Оларға «10 мың теңгеден беріндер. Сонда ғана суды арнайы машинамен сорғызып береміз» — депті. Біз екі күннен бері көршілермен бірге су соратын арнайы машинаны жалдап, 60 машина су шығардық. Әкімдіктен, төтенше жағдай қызметінен бір адам келіп көмектескен жоқ. Әкімдіктің көлігі «Маған бұйрық болмаса, жұмыс істемеймін» — деп тұрып алды. Үйім мүлде жарамсыз. Жертөлемді түгелдей су басып жатыр. Ондағы заттар да ілікке алғысыз күйде», — деді.

Анар ханымның көршісі Сержан Сапарбаевтың үйі де су астында қалған.

Қарғын су үйдің ішін түгел алып кетті. Лай араласқан қызыл су үйдің кіреберісінен бастап, төрт бөлмелерге дейін жайылған.

С.Сапарбаев «Төрт-бес күннен бері «бізді су алып жатыр» деп жан-жаққа шағымдандық. Ешкім тындамады. Осының алдын алса, каналдың суы тасымай тұрып көмек бергенде, бұлай бүлінбес еді. Үйді сатып алғанмын. Құжаты да толық. Бар ақшамызды осы үйге салдық. Екі отбасы тұрамыз. Бүгін Алматы облысының әкімі Амандық Баталов келіп, үйімді өз көзімен көріп кетті. «Бүлінген дүниенің бәрін қалпына келтіріп береміз» — деп уәде берді. Облыстық әкімдіктен көмек болмаса, өзіміздің қолымыздан ешнәрсе келмейді», — деп мұның шақты.

Көктемгі селден зардап шегіп отырғандар тұздыбастаулықтар ғана емес, Қаскелең ауданы мен Жамбыл ауданының орталығы Ұзынағаш ауылының тұрғындары да қар суының астында қалған. Ол жақтарда да шығын шаш-етектен. Таудан асқан тасқын су ауылды аралап, үй-үйді, қора-қопсыны түгел шарлап

немесе су астындағы ауыл



Анар Дәркембаева

жатыр. От пен суды тілсіз жау дейміз. Бірақ жыл сайын айтып келетін апаттын алдын алса, дәл бұлай болмас еді. Арық пен тоған, үлкен каналдар уақытында тазаланса, мұз жарылып, суағар салынса, қызыл су түгілі, алапат тасқынға да ауыздық салу қиын емес.

Жарас
КЕМЕЛЖАН

БІРЕУГЕ ҚАЙҒЫ, БІРЕУГЕ ПАЙДА

Алматы маңындағы «Өжет» ықшамауданы. Екі балақай шамамен су тасып келе жатқанда, көлкіп еріген қар суы алдарынан шықты. Айналып өте алмайды. Аяққа ілген галошы малмандай. Басқа жол жоқ. Абырой болғанда, алдынан үлкен адам кездесіп машинамен үйлеріңе дейін апарып тастаймын, 300 теңге беріндер деп қарап тұр. Су басқан ауылдардағы такси құны күрт көтерілді. «Бұрын Барахалқадан үйге дейін 100 теңге ақшамен жетсек, енді 500 теңге беріп жатырмыз» — деп мұңаяды Гүлсім. «Ел басына күн туса, етігімен су кешкен» азаматтар, қайдасындар?

Гүлмира ӘБІҚАЙ,
журналист

А.Дәркембаева «Апат бір күнде болып отырған жоқ. Біз 23 ақпаннан бері ауылдық әкімдікке хабарлап, «Таскынның алдын алыңыздар» — деп зарлаумен болдық. Бірақ ешкім құлақ түрген жоқ. Екі күн бұрын төтенше жағдай қызметінің мамандары келген. Олар жағдайымызды көріп



Қайнайды қаның

Астанадан 25 шақырым қашықтықта жатқан Максимовка ауылының тұрғындары осындай базынасын айтып, биліктен араша сұрап отыр. Ауылда соқыр тауық та қалмады деп ашынған тұрғындарды ауыл шаруашылығы вице-министрінің өзі барып жұбатып келді.

тұрғындар «күнкөрісіміз жылдан-жылға қиындап баратын» дейді. Ауыл тұрғыны Тұрсын Нұрғожанов «Бұрын бұл жерден өріске 3 табын сиыр шығатын. Қазір жарты табынға толмайды. Мал ұстамақ түгіл, соқыр тауық та қалған жоқ. Өйткені бағатын жер жоқ», — деп қынжылды.

Колдарында жерінің мемлекеттік актісі бар. Қанша рет сотқа бергенімен жеңіліп қалған тұрғындар, тіпті үйлеріне құжат алып, рәсімдей алмай

«АУЫЛДА ТАУЫҚ ҰСТАЙТЫН ЖЕР ЖОҚ»



Осы уақытқа дейін талай табалдырықты тоздырып, тауы шағылған ауыл халқы Астанадан келген шенеуніктерден тайсалған жоқ. Сұрақты төтесінен қойды. Себебі «Сарытерек» деген жекеменшік серіктестік тұрғындардың сыртынан тұтас ауылдың 15 мың гектар жерін өзіне рәсімдеп алыпты. Жайылымдық, шабындық тұрмақ, жол, көше, өзен-көл, тіпті зиратқа дейін осы ЖІШС-нің иелігіне өтіп кеткен. Соның кесірінен тұрғындар мал да ұстай алмай, 14 жылдан бері әділдік іздеп, соттасып келеді. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ерлан Нысанбаев «Максимовка ауылының 14 жылдан бергі мәселесін құлағымызбен естілік. Өздері ортасынан белсенді бір адамды сайлап, бірігіп біраз жұмыс істеу керек. Мемлекеттік мекемелер осы мәселені жан-жақты қарап, шешімін табуға тырысамыз», — деді.

Максимовкада мәйекті мәселе көп. Кейбір пысықайлар ауылдың айналасына демалыс орнын салып тастаған. Енді халық суға шомылып, мал суарудан да қалыпты. Қалаға мал өнімін сатып, жан бағып отырған

отыр. Тіркеусіз жүргендер де жетеді. Алайда осы өңірде біраз жылдан бері депутат болып жүрген Иван Сауэр вице-министрдің алдында бұл мәселені жана естігендей кейіп танытты. Ал кешқұрым өткен даулы жиналысқа ауыл халқын тентіретіп қойған атышулы «Сарытерек» серіктестігінен ешкім келмеді. Қоғам белсендісі Мұхтар Тайжан оларға өзі барыпты. Ол «Жанқоразовтың баласы осында әкім болғанда, қол қойып, жердің барлығын беріп жіберген. Мұндай бассыздыққа жол берілмейді. Мен «Сарытерек» ЖІШС иелерімен кездестім. Алдарынан өттім. Өз еркімен мына жерді қайтарып беріндер деген ұсыныс айтқанмын. Олар одан бас тартты. Енді барлығы заңды тұрғыда шешіледі», — деді.

Астананың айналасындағы Ақмола облысында мұндай мәселе көп. Жалғыз Максимовка емес, Семеновка, Жалғызқұдық, Рақымжан Қошқарбаев ауылдарында да осындай жағдай. Тұтас елді мекен аумағы әлдекімдердің меншігінде.

Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана

Бәрекелді!

Президент Н. Назарбаевтың Жарлығына сәйкес, 2016 жылы еліміз тұңғыш рет Алғыс айту күнін атап өткен болатын. Бұл мереке – барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын, халықтың бірлігін құруға арқау болған Қазақстан Халқы ассамблеясының күні. Аталған мереке Алматы облысында да жыл сайын тұрақты түрде тойланып, өңірде тату-тәті тіршілік етіп жатқан 105 ұлттың өкілдері бір-біріне ізгі ықылас мен құрмет білдіруді әдетке айналдырған.

ТІРЕГІМІЗ – ТАТУЛЫҚ



Осындай игі бастама аясындағы түрлі шараларды ұйымдастыруға Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының хатшылығы мен «Достық үйі — қоғамдық келісім орталығы» ұйыты болуда. 1 наурыз — Алғыс айту күніне орай, Қаратал ауданындағы «Қазақстан халқына мың алғыс» монументінің жанында шеру өткізіліп, Достық үйі ғимаратындағы «Татулық — бірлік бастауы» атты облыстық форумға ұласты. Мерекені ұйымдастырудағы басты мақсат — қоғам бірлігі, азаматтық татулық, қоғамдық келісім, қазақстандық бірегейлік пен бірліктің нығаюына үлес қосу. Сондай-ақ «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтары және халықтың жалпыұлттық игілігі ретінде қазақстандық жаңа патриотизмнің қағидаларын қалыптастыру.

Форумда сөз алған Алматы облыстық Қазақстан Халқы

ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық менгерушісі Ғабит Тұрсынбай аталған мерекенің отандастарымыз үшін маңызы зор екенін атап көрсетті. Облыстық Әзірбайжан этномәдени орталығының төрағасы Асылы Осман мен «Қазақстан — Корея» достық қоғамы» республикалық қоғамдық бірлестігінің облыстық бөлімшесінің төрағасы Клара Хан барша ұлт өкілдерін бауырына басқан қазақ халқына алғысын жеткізіп, ризашылығын білдірді.

Лияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде дәстүрлі әнші, Д. Рақышевтің шәкірті Серікбол Шыныбаев «Бала буын, аға буын, дана буын» атты қайырымдылық концертін ұйымдастырды.

Лина ҚӘЛІМХАН,
Алматы облысы

Еңбек нарығы

Соңғы жылдары «өзін-өзі жұмыспен қамтитындар» деген тіркес жиі айтылады. Әсіресе, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды (МӘМС) енгізер кезде олардың мәселесі өзекті бола түсті. «Өз күнін өзі көретіндер күреп ақша табады, бірақ салық төлемейді» дейтіндер де табылды.

Иә, бар ондайлар. Күнделікті өзіміз де көріп жүрміз. Көшеге шықсан, барар жеріне апарып салатын көлік көп. Базар сырты, дүкен маңында сауда жасайтындар бар. Автокөлік тіркейтін орталықта сақтандыру, техбақылау қызметін ұсынағындар өріп жүр. Жылжымайтын көлік нарығындағы мақлер, автокөлік жөндейтін шеберхана жұмысшылары, үй салатын, жөндейтін, өрлейтін құрылысшы дейсін бе, толып жатыр. Көшедегі қайыршы, талайдың аузын аңқитып кететін алаяқ, тіпті жезөкшеге дейін — бәрі де өзін-өзі қамтитындар «армиясында». Бұлар зейнетақы жинақтау қорына ақша аудармайды. Міндетті медициналық сақтандыру жарнасын да төлеуге құлқы жоқ. Нәпақасын өз бетінше айырып жүргендердің бәрі «күреп ақша табады» деуге аузымыз бармайды. Көбі бар мен жоқтың арасында.

Жуырда осы өзін-өзі қамтитындарға арналған жеке заң шығатыны жария етілді. Оны еліміздің қаржы министрлігі еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігімен бірігіп әзірлейді. Премьер-Министрдің орынбасары Ерболат Досаев «Занда өзін-өзі қамтитындарды есепке қою үшін ынталандыру мәселесі қарастырылады» деді. Қазақ тілінде сөйлемейтін вице-премьердің «а далее их уже вести» дегенін қалай аударсақ екен?

Қысқасы, «назардан тыс қалдырмаймыз» дегені. Өйткені жеке кәсіпкер болып жүрген және өзін-өзі қамтитын азаматтардың бір бөлігі қандай да бір қадағалаудан сырт қалғаны белгілі. Солар үшін де қазір дербес заң жобасы дайындалып жатыр. Тиісінше, Салық кодексі және өзге де заң актілеріне өзгеріс енгізіледі.

Тамара Дүйсенова еңбек және әлеуметтік қорғау министрі болып тұрғанда мынадай дерек келтірген еді: 1991-2001 жылдары кәсіпорындар тегіс жабылған кезде өзін-өзі қамтитындар саны 327 мыңнан 2,8 миллионға жетті. 2010 жылдан бастап қана бұл көрсеткіш төмендеген. Соңғы жеті жылда өзін-өзі қамтитындар саны 500 мың адамға азайды. Оған тұрғындарды жұмыспен қамту бағдарламасы мен елдің экономикалық жағдайының жақсаруы себеп.

Өзін-өзі қамтитындар мен жұмыссыздар санын нақты анықтау үшін еңбек және

әлеуметтік қорғау министрлігі 2017 жылдың қантар-наурыз айларында бүкіл мемлекеттік мекемелердің ақпарат жүйесіндегі мәліметтерді салыстырды. Бұл істе мемлекеттік базадағы жеке адамдар туралы мағлұматтар негізге алынды. Онда 2017 жылдың басында 18,9 млн адамға қатысты жеке мәлімет болған, яғни ресми статистикаға қарағанда асып түсті. Сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің ақпарат жүйесіндегі мағлұмат та дәл болмай шықты. Айталық, салыстыру кезінде 2017 жылдың 1 сәуірінде 13,2 млн адамның әлеуметтік дәрежесі анықталды. 5,7 млн адам сәйкестендірілмеді. Мемлекеттік

САЛЫҚТАН ЕШКІМ ЖАЛТАРМАЙДЫ



базадағы мәлімет бойынша олар ел ішінде болуы керек. Бірақ еңбек министрлігі бұларды міндетті зейнетақы жарнасын төлейтіндер, студенттер немесе әлеуметтік төлем алатындар арасынан таба алмаған. Сондықтан облыстық әкімдіктерге әр адамды тізіммен салыстырып, нақтылау

жөнінде өтініш жасапты. Соның нәтижесінде өткен жылдың сәуірі мен тамыз айлары аралығында жергілікті атқарушы мекемелер 1,5 млн адамның әлеуметтік статусын анықтады. Ал 943 азаматтың дәрежесі нақтыланған жоқ. 1,7 млн адамның немен айналысатыны да беймәлім. Олардың 1,5 миллионы өздерін жаллама жұмысшы, 233 мыңы жеке кәсіпкер деген. Бірақ зейнетақы жарнасын аудармайды. Сөйтіп үй-йүді аралаудың нәтижесінде жеке адамдардың мемлекеттік базасындағы, сондай-ақ осы база үшін ақпарат көзі саналатын мемлекеттік мекемелердің ақпарат жүйесіндегі деректердің ескіргені мәлім болды. 2017 жылдың тамызынан желтоқсанға дейін осы түйткілді шешу үшін орталық мемлекеттік мекемелер тартылды. Ақырында 2018 жылдың басында әлгі анықталмай қалған 943 адамның 542-сі қалды. Білім және ғылым министрлігі ақпарат базасын тексергенде, 9,9 мың адамның ізін таппаған. Ішкі істер министрлігі 245 мың адамды тауып, олардың шетелге кеткенін анықтады. 4,7 мың адам о дүниелік болған. 30 мыңнан астам адам



ретінде тіркеліп, 560 мың жаллама жұмысшымен еңбек қатынасы заңдастырылды. Бұл тұрақты аударылатын зейнетақы жарнасымен расталды. Қалған бір миллион адамның кәсібін заңдастыруға қолданыстағы заңнама келергі

Айлай медициналық сақтандыруды кейінге шегерумен байланысты еш жерде тіркелмей жұмыс істеп жүргендерді көлеңкеден шығару қиынға соғады» деп қынжылыс білдірген-тұғын. Орайы келгенде айта кетейік, ақпарат құралдары өткенде Тамара ханым орнынан кеткенде «шаршады» деп сан-саққа жүгіртті. Дәл осы министрдің қыруар шаруаны тындырғаны ауызға алынбай қалды.

Өзін-өзі қамтитындар туралы ресми деректі қорытындыласақ, бір жылға толмайтын мерзім ішінде, еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі жоғарыда айтылған 5,7 млн адамның 2 миллионға жуығының статусын анықтады. 2,7 статусы жоқ адамның 1,14 миллионы — ресми түрде тіркелмеген өзін-өзі қамтитындар. Олардың тірлігін заңдастыру үшін заңнамаға өзгеріс енгізіледі. Өзгерістің салыққа кеп тірелетіні анық *(осы орайда қайыршыға салық төлемеге деген қитұрқы сауал қылаңдайды)*. Негізі бұл бұрыннан айтылып жүр. Бірақ осы кезге дейін ешбір тегігі қарастырылмаған. 1,14 млн деп айту онай болғанымен, осы шифрдың ар жағында қаншама жанның тағдыры тұрғаны ескерілуі тиіс. Себебі олардың ішінде тиыны татымайтын тірлік істеп жүргендер де, бір-екі сағатта мыс-мыс ақша табатындар да бар. Әйтеуір, «шаш ал десе, бас алатын» заң қабылданбаса дейміз.

Қалған 1,5 млн адам — еңбегі өнімсіз жандар және жұмыссыздар. Өзін-өзі қамтитындар да ертенгі күні жұмыссыздар қатарына келіп қосылуы әбден мүмкін.

Қысқасы, еңбек және әлеуметтік қорғау министрі арқалайтын жұқ ауыр.

Гүлнар АХМЕТОВА

ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ СЕРІКТЕСТІГІ ШЕҢБЕРІНДЕ (\$):

51 ЖОБА (27,7 МЛРД)

4 ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ (140 МЛН)
БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫ 11 ЖОБАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА – МЕТАЛЛУРГИЯ ЗАУЫТЫ (22 МЛН);
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА – ҰШХЛОРЛЫ ФОСФОР МЕН ГЛИФОСАТ ӨНДІРІСІ (200,3 МЛН);
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА – ӨНЕРКӘСІПТЕГІ ЖАРЫЛҒЫШ ЗАТ ӨНДІРІСІ (25 МЛН);
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА – КАЛЬЦИЙЛЕНГЕН СОДА ӨНДІРІСІ (265 МЛН).

АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН ӨЗГЕ ДЕ ІРІ ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫ (\$):

INALCA (ИТАЛИЯ) ЕТ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ – 48 МЛН
PHOENIX (БАӘ) ҚҰРАМА ЖЕМ ӨНДІРІСІ – \$15 МЛН
CARMEUSE GROUP (БЕЛЬГИЯ) (1 КЕЗЕҢ) ЖОҒАРЫ САПАЛЫ ӨК ӨНДІРІСІ – 70 МЛН
YILDIZLAR (ТҮРКІЯ) КЕРАМИКА ЗАУЫТЫ – 128 МЛН
ORDA GLASS (АҚШ) ШЫНЫ ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ – 187 МЛН
SIN YUAN STEEL (ҚХР) МЕТАЛЛУРГИЯ ЗАУЫТЫ – 40 МЛН
MAREVEN (ЖАПОНИЯ/ВЬЕТНАМ) ТАМАҚ ӨНІМДЕРІ ӨНДІРІСІ – 50 МЛН

Дереккөзі: ҚР инвестиция және даму министрлігі

Оқшау ой

Елдегі коммуналдық қызмет бағасы жыл сайын өседі. Биыл да солай. Жұрт оған әбден көндіккен. Су керек пе? Керек. Электр қуаты керек пе? Өрине. Жылуды екі бастан. Көгілдір отынды бір күнге өшірсе, аш қаласын. Жайлы өмір сүргін келе ме, төле. Бірақ қалтаны қағалы.

Ұлттық экономика вице-министрі Серік Жұманғарин бұл мәселелен хабарлар. «Коммуналдық қызмет бағасына қатысты айтылатын сынды еліміздің түкпір-түкпірінен естимін. Өрине, оның бағасын төмендетуге болады. Бірақ онда желілерді жөндеуге шамамыз келмей қалады» дейді. Бұл сөзбен келісуге болады. Тозығы жеткен желінің бірнеше жылдан кейін істен шығатыны белгілі. Бір апамыз айтқандай,

аз тұтынып та үнемдеуге болады. Бөлмелерде шамды өшіріп, қажетсіз электр құралдарын қоспаған жөн. Жер үйлерде шатыр мен еденді жылытпаған дұрыс» деген кеңес береді ол.

Несі бар, құнды кеңес. Бұрын да естіген сияқтымыз. Ұмытпасақ, сонау 90-жылдардың ортасында болуы керек. Бір шендінің *(кейін шетелге қашып кетті)* телеарнадағы сұхбатын құлағымыз шалған. Алдында отырған тілшіге «ваннадан шықтың ба, артыңнан шамды өшіріп жүр» деп үйреткен-тұғын. Француздар айтпақшы, «дежавю».

Шындығында, үнемдеу туралы қарапайым халықтан сұраған дұрыс. Біздің адамдар бұл жағынан небір «ноу-хауды» ойлап тапқан. Алдымен суға түсіп, сосын оған кір жуып және сол сумен еденді сүртіп шығатындар туралы «эфсана» ескіргелі қашан. Керек десеңіз, біздің адамдар үнемдеу тақырыбынан диссертация қорғай алады. Әйтсе де, үнемдеудің бір тәсілін тапқанда, баға тағы өсіп кетеді емес пе? Үйдің шатыры мен еденін жылытуға жағдайы барлар бұл топқа кірмейді, өрине.

Ұлттық банк төрағасының кеңесіне де құлақ түрейік.



Жуырда Данияр Ақышев тұрғындарға ақшасын банкте сақтауға кеңес берді. «Мүмкіндігінше несие алмай-ақ қойыңыздар. Сонда сіз тыныш өмір сүре аласыз» деп зейнеткер қауымнан да ақылын аямады.

Зейнеткерге несие неменеге керек десек, қаржы пирамидасына салып тастау үшін екен. Бір басын шапсан, тағы біреуі өсіп шығатын аждаһаны елестетін қаржы пирамидасы адам талғамайды. Банктен несие алып, ақшасын еселеуге келген кемпір-шалды да «жұтып» қояды. Ұлттық банк төрағасының «тыныш өмір сүріңдерші» деп өтінуі содан. «Үлкен кісілерге ақыл айтқанда, сол аждаһаны нен құртпайсыңдар» деп жауап бермеген біздің зейнеткерлер де қызық.

Ал Ақышев мырза мына кеңеске құлақ аса ма екен? Мәжіліс депутаты Айқын Қоньров «Халықтың мәжбүрлі түрде несие алу жағдайына Үкімет назарын аударғымыз келеді. Бүгінгі таңда банктер, шағын несие ұйымдары және онлайн-несиелік компаниялар халықты несиелендіру үрдісін қарқынды жүргізіп жатыр» деп үкіметке сауал жолдады. Халық қалауысы, әсіресе, онлайн-несиенің өріс алғанын жеткізді. «Онлай несиеенің пайызы тым жоғары, бірақ адамдар соны алуға мәжбүр. Көп жағдайда жана несие ескі несиеді жабу үшін алынады. Біз халықты қайтара алмайтын қарызға батыруға қарсымыз. Осыған орай, уақыт оздырмай несиелендіру нарығында азаматтарымыздың құқығын қорғау бойынша кешенді шара қабылдау қажет деп санаймыз», — деді Айқын Қоньров.

Бұған біздің де алып-қосарымыз жоқ. Әлбетте, қандай да бір ақыл айтудан аулақпыз. Конфуцийдің «Ақыл-кенесті біз тамшылап қабылдаймыз, ессесіне шелектеп береміз» деген сөзіне тоқтадық.

Гүлнар СЕЙДАХМЕТҚЫЗЫ

Сан мен дерек

ИНВЕСТИЦИЯ ЖӘНЕ ӨНДІРІС

БАСТЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ТІЗІМІ:
ЖАЛПЫ ҚҰНЫ – 47,8 МЛРД \$
ТІЗІМДЕ – 145 ӨНДІРІС

ҚАЗАҚСТАН-ТҮРКИЯ СЕРІКТЕСТІГІ ШЕҢБЕРІНДЕ (\$):

26 ЖОБА
ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ – 899 МЛН
3,5 МЛН ТҰРАТЫН БІР ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ. БИЫЛ ТАҒЫ 2 ЖОБАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛАДЫ (15,5 МЛН).
ОҒАН ОҢТҮСТІК МОЙЫНТЫ АУМАҒЫНДА CALIK HOLDING КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚАТТЫ ҚАЗБА БАЙЛЫҚТАРЫН БАРЛАУ ЖОБАСЫ (10 МЛН) КІРЕДІ. GOLD ALUMINIUM КОМПАНИЯСЫНЫҢ АЛЮМИНИЙ ЖӘНЕ ПЛАСТМАССА ПРОФИЛЬДЕРІНІҢ ӨНДІРІСІН (5,5 МЛН) САЛУ ЖОСПАРЛАНҒАН.

Әуе байланысы

«Әйр Астана» әуе компаниясы 2018 жылдың 1 маусымынан бастап Астанада Лондонға күнделікті рейс ұшырмақ.

«Әйр Астана» компаниясының президенті Питер Фостер «Ұлыбританияны Қазақстанмен жалғайтын рейстің енді күнделікті ұшатынына қуаныштымыз. Лондон іскер адамдар үшін де, туристер үшін де үлкен мәнге ие. Сонымен қатар бұл стратегиялық тұрғыда компания үшін тиімді. Өйткені, біз IPO-ға шығуды жоспарлаудамыз», — деді. Бүгінгі күні әуе компаниясының Астана-Лондон бағытындағы

АСТАНАДАН ЛОНДОНҒА КҮНДЕ ҰШУҒА БОЛАДЫ



Лондоннан 18:05-те шығып, Астанаға таңғы сағат 05:30-да жетеді *(барлық рейс әсерсіздікті уақытпен көрсетілген)*. Лондонға Boeing 757 ұшағы қатынайтын болады. Билет құны – 211682 теңгеден басталады.

ұшақтары сәрсенбі мен жұма күндері ғана қатынамайды. Ал 1 маусымнан бастап KC 941 рейсі Астанада сағат 14:35-те шығып, Лондонға 16:40-та жетеді. Ал KC 942 рейсі Лондоннан сағат 17:55-те ұшып шығып, Астанаға таңғы сағат 05:20-да келеді. Жұма күні KC 941 рейсі Астанада 12:35-те шығып, Лондонда 14:45-те болады. Кері бағытта KC 942 рейсі

Біздің сұхбат



КИНО – ҚЫМБАТ «ОЙЫНШЫҚ»

Жас казак: Қазақстан Кинематографистер одағының аты болғанымен, заты жоқ сияқты. Өзіміз сондай күйреген, аты өше бастаған одаққа жетекші қызметке бардыңыз. «Күйреген одақты Тұрсынов түзей ме?» дейді былайғы жұрт?

Е.Тұрсынов: Кезінде бұл одақтың аты да, заты да болған. Бірақ соңғы жылдары затымыздан айырылып қалғанымыз жасырын емес. Кезінде композитор, дизайнерлердің одағы да бар еді. Бүгінде олар мүлдем бытырап, жоғалып кетті. Қалғаны осы Кинематографистер одағы мен Қазақстан Жазушылар одағы. Қарап тұрсаңыз, қаламгерлер одағының да жағдайы мәз емес. Ал кино — қымбат ойыншық. Кітаппен салыстыруға болмайды. Мыңдаған, миллиондаған қаражат керек. Сол себептен өз позициямыздан айырылып қалдық. Мен ол жерге өз еркіммен бармадым. Дауыс беру арқылы өттім. Жоспарымда жұмыс өте көп. Ең алдымен, кино жөніндегі заңды реттеп, қабылдау керек. Көптен бері бұл талқыланса да, әліге дейін шешілген емес. Бұған қоса, киноның сапасы, салық, қаражат сияқты мәселелерді шешу керек. Ал екінші мәселе, Шәкен Айманов, Абдолла Қарсақбаевтардан қалған мұра ретінде бұл — киелі жер. 10 жылдан бері бұл мекеменің 60 пайызын кәсіпкерлер сатып алып, қалғанын басқа біреулерге беріпті. Кинематографистер одағын басқару жөнінде осыдан 3-4 жыл бұрын маған ұсыныс түскен болатын. Бірақ бас тартқан едім. Өзімнің де шаруам шаш-етектен болды. Кино, кітап, мақала жазу сияқты жұмыстарым бар.

Менің алғашқы екі кинода да мемлекет тарапынан ақша бөлінген емес. Достарым қаржылай көмектесті. Ал үшінші кинома тағы да ақша бөлеміз дегенде «Үшінші киноны түсірмей-ақ қояйын. Ең алдымен, кинематографистер одағындағы мәселелерді шешіп алайық» дедім. Олар бірден келісті. Сонымен бірге олар «Егер сен өзін басшы болып баратын болсаң ғана, саған қаражат бере аламыз. Бөтенді танымаймыз. Ал сен біздің досымызсың. Әрі сенімді адамсың» деп шарт қойды.

Жас казак: Кино тақырыбына оралайық. Сіз талантты режиссерсіз. Бірақ «Келіннен» басталған кино ғұмырыңыз талас-тартыспен келе жатыр. Кейбір көрермен сіздің туындыларды түсінбейтін сияқты.

Е.Тұрсынов: Бұл, әрине, заңдылық. «Келінді» қабылдау онай дүние емес. Оны өзім де мойындаймын. Ондай киноны түсіну үшін дайындық керек. Бұл да кітап секілді. Бірін оқуға жеңіл болса, енді бірі, тіпті қиыңға түсуі мүмкін. Мысалы, «Шалды» қазақ қоғамы қабылдады. Әсіресе, қарапайым халық. Бір кездері ауыл-ауылды аралап «Шалды» көрсетсек, бәрі мәз. Ал «Келінді» көрсетсек үнмей, жастырмай қалғандары болды.

Жас казак: Шалдың бір-екі кадрында өрескел қателік бар сияқты. Мысалы, қой айдап бара жатқан шал: «Толтататын уақытты тауыпсың» дейді. Қазақта малды «толтатын» деп айтпайды. «Шалға» «Келіндегідей» шеберлікпен қарамаған сияқтысыз.

Е.Тұрсынов: Мұндай ұсақ-түйек кемшілікті іздей берсек, тіпті шедеврлерден де табылады. Бұл екі фильмнің оқиғасы да, жанры да, түсірілу әдісі де мүлдем бөлек. «Келін» мен «Шалды» салыстырғанда, соңғысы жеңіл болып көрінгенімен, өзіндік қиындықтары да бар. Қасқырмен алысқан жерлері, тіпті қиын. Өйткені ойынды әртістің өзіне әрең түсіндіресін. Ал қасқырға «ана жерде өлуін керек» деп қалай айтасын? Ешқандай компьютер болған жоқ. Тек жанды түсірілім, тірі қасқырлар.

Жас казак: Ал «Жат» деген кинода не айтқыңыз келді?

Е.Тұрсынов: Ол менің өз пәлсапам. Адам мен Құдай, Адам мен Қоғам. Жеке пікір мен қоғам пікірінің кереғар, қарама-қарсы келуі. Жалғыздық — біреуден қашқақтау ма, әлде соғыс жариялау ма? Соғысқа қатыспай тауға қашып кеткен жігіттің әрекеті ерлік пе, әлде сатқындық па? Міне, осы сынды дүниелер қозғалады.

«БЕЙБАРЫС» — ЕРМЕКТІҢ ЕРМЕГІ ЕМЕС

Жас казак: Қазір телеарналарда сериалдар көп жүріп жатыр. Тіпті мемлекеттік тапсырыспен түсіріледі. Қомақты қаражат бөлінеді. Арзан күлкі. Сол сериалдардың сценарийін өнердің иісі мұрына бармайтын, тіпті Жүргеновті бітірген мамандар емес, КВН-нен шыққан жап-жас балалар жазады екен. Олар не өмірді, не өнерді толық түсініп болмағандар. Бұл кино деген ұлы өнерді өлтіру емес пе? Сіз қалай ойлайсыз?

Е.Тұрсынов: Қазақта «Қисық аяққа қызыл кебіс не керек?» деген сөз бар. Менінше, әр адам өз ісімен айналысуы керек. Егер шатасар болса, айналасындағының барлығын

Өткен аптада Қазақстан Кинематографистер одағының басшылық қызметіне белгілі режиссер Ермек Тұрсынов сайланды. Режиссерді жаңа қызметімен құттықтадық. Ауруханада ем алып жатыр екен. Әйтсе де, сұхбат беруге келісті. Әдеттегідей, екеуара әңгімені өзгеше ойларымен бастап кетті.

адастырады. Мен ешкімді бөліп-жарғым келмейді. Өз басым телеарнаы көп көре алмаймын. Әсіресе, өзімізде түсірілген сериалдарды. Көп болса, 2-3 минутқа шыдамым жетеді.

Мұнда шатасатын екі нәрсе бар. Кино деп ауыз толтырып айтатын құндылық қалмаған қазір. Ұлттық кітапханада айына екі рет лекция оқимын. Біздің ғана емес, әлемдік шедеврлерді көрсетемін. Ең алдымен Мұхтар Әуезовтің шығармалары бойынша түсірілген «Көксерек», «Қараш-Қараш», «Трансөбір экспресі» киноларынан бастаймын. Міне, осыларды нағыз туынды деп айтуға болады. Оларға, біріншіден, бұл көрсеткіштерім — кино, ал кинотеатрдан көргендері толған «Голливуд». Ол — кино емес, интертеймент. Америкада 4 жыл тұрып, Лос-Анджелесте жұмыс істедім. Олар ондай нәрселерді өздері бөліп қарайды. Байқауымша, соңғы жылдары Қайрат Нұртас, Бүркіт сияқты әншілер кино түсіріпті. Көрдім. 2-3 минут қана шыдадым. Одан ары қарай алмадым. Маған «сіз қалай ойлайсыз?» деп сұрақ қойды. Мен, мәселен, эстрадалағы шығып ән айтпаймын ғой. Бұның барлығы жеңіл-желпі қарайтын баланың ойыны емес. Жауапкершілікпен қарау керек. Мысалы, қазір кітап сататын дүкенге барсаңыз, барлығы бірдей кітап. Бірақ соның ішінде Әбіш Кекілбаев, Шерхан Мұртаза, Мұқағали Мақатаев бар, арасында Баян Есентаеваның жазған кітабы да тұр. Енді сырты бірдей болғанымен, ішін салыстырып қарайық! Мүлдем бөлек дүние. Оның қайсысының

Сирияға бардым. Сонда да оны түсіруге дайынмын деп айта алмаймын. «Бейбарыс» — Ермектің ермегі емес. Себебі ол тақырыпты қаза берсең, одан әрі тарихы тереңдей береді. Қайрат Нұртастың киносын бір мақаламда сынаған болатынымын. Сырттай маған жауап қайтарыпты. «Есесіне, Қайрат Нұртастың қолына тағып жүрген сағаты 25 мың доллар тұрады» депті. Бұл қай саканы? Кино дегеніміз — ағарту. Оның байыбына бармасаң, осылай арзан сөзбен ақтала бересің.

Жас казак: Мемлекеттік тапсырыспен түсіріліп жатқан «Қазақ хандығына» сізді неге шақырмалды?

Е.Тұрсынов: Басында шақырып, Рүстем екеуімізге ұсыныс жасалды. Бес-бес сериядан бөліп түсіресіңдер деді. Алты ай ғана уақыт қалған, желтоқсанның 16-на дейін киноны тапсыру керектігін айтты. Мен бірден бас тарттым. Өйткені әйел адамның өзі жүкті болса, 9 ай көтереді. 6 айдың ішінде де бірдеме қылып тудыруға болатын шығар? Бірақ баланың қандай болып туалды? Шала тумай ма? Әр нәрсенің өзіндік заңы бар. Ал «Қазақ хандығы» үлкен тақырып, толассыз еңбекпен түсірілетін туынды. Шедевр ақшадан жасалмайды. Сол себепті бас тарттым.



www.jasqazaq.kz

Е.Тұрсынов: Өзге елде жүріп, отанына басқа көзбен қарайды екенсің. Кемшілік бірден көзге түседі. Біріншіден, жалқауымыз, қызғаншақпыз, еліктеушілік көп бізде.

Соңғы жылдары түсіріліп жатқан киноның барлығы шетелден көшіріліп алынған нұсқалар. Өз айтары жоқ. Көшіріп алып, өз атынан береді. Бұл жәй ғана көшірме. Екіншіден, біздің халықта ауызбіршілік, ізденіс, талпыныс жоқ. Қазақта дарынды, талантты жастар жетерлік. Бірақ соларға көмектеспейміз. Керісінше, ондайларды аяқтан шаламыз.

Шығармашылық қоғамымыз — ағылшындардың газонына ұқсайды. Теп-тегіс. Олар әлгі газондарын аптасына екі-үш рет тегістеп тұрады. Біреуі суырылып шығар болса, тамырымен жұлып алып, лақтырып тастайды. Біз де сондаймыз. Дара шыққандардың аяғынан тартып, өрлетпейміз.

БҰРЫНҒЫ ҚАЗАҚТЫ ЖОҒАЛТЫП АЛДЫҚ

Жас казак: Көп жағдайда «Қазақтың мінезі өзгеріп кетті. Бұрынғы қазақ асыл еді, алтын еді» деп жатамыз. Сіз кино маманы ғана емессіз. Әдебиет пен өнер саласында қатар қызмет етіп келесіз. Жалпы сіз көрген бұрынғы қазақтың табиғаты, мінезі қандай еді?

өзгеріп кеткенбіз. Өркениетке жол іздеп келе жатып, өз табиғатымыздан айырылып қалдық. Жоғалтып алдық өз-өзімізді. «Шал» киносы соны бейнелейді. «Шал» өз ауылында өзі адасалы. Біздің бүгінгі жағдайымыз дәл осындай.

Жас казак: Ермек аға, өзгермеген қазақты көргіңіз келсе, ауылға барыңыз. Асылдың бәрі ауылда.

Е.Тұрсынов: Мен Шамалғанның ар жағында «Бекболат» деген ауылда туғанмын. Бірақ тамырым, түбім — Нарынқол. Нарынқолға өмірімде екі-ақ рет бардым. Ол жақтың адамдары мен Алматының адамдары бір-біріне мүлде ұқсамайды. Елді бәрібір сағынасың! Былтыр «Киномеханик» деген кино түсіргем. Әдейі сол жакқа бардым. Нарынқолдың өзіне жете алмадық. Бергі жағында Жаркент манындағы шағын ауылдарда болдық. Кісілердің бір-біріне деген қарым-қатынасы керемет, ашық, таза, әліге дейін рухани байлықты сақтап қалған. «Қонырөлен» деген ауылда кино түсіріп, түннің бір уағында біттік. Сол ауылдағы бір кісінің үйіне барып қондық. Сағат 9-да жарық өшіп қалады екен. Мотор қосып, 11-ге дейін амалдайды. Болашақтың қуаты туралы айтатымыз. Мына жакта тұтас ауыл жарықсыз отыр.

АБАЙ БАР, КӨРМЕЙМІЗ


Жас казак: Сіз әр сұхбатыңызда Абай туралы айтасыз. Бірақ Абай жоқ қазір. Жоқ Абайды іздеуіңіздің сырын білесіз бе?

Е.Тұрсынов: Жалпы алғанда, Абай



Ермек ТҰРСЫНОВ:

Қазір кітап сататын дүкенге барсаңыз, барлығы бірдей кітап. Бірақ соның ішінде Әбіш Кекілбаев, Шерхан Мұртаза, Мұқағали Мақатаев бар, арасында Баян Есентаеваның жазған кітабы да тұр. Енді сырты бірдей болғанымен, ішін салыстырып қарайық! Мүлдем бөлек дүние. Оның қайсысының бізге берері мол екенін жақсы білеміз. Кітап пен мазак қатар тұрғанына қынжыламын.



бізге берері мол екенін жақсы білеміз. Кітап пен мазак қатар тұрғанына қынжыламын. Оны тіпті айтпай түсіндіре алмайсың. Әртістер киноға түсіп жатады, сценарий жазылады. Сырттан қарасаң, кино сияқты болғанымен, нәтижесін көргенде, бармақ

ШЕТЕЛДЕН ЖҰМАҚ ТАППАДЫМ

Жас казак: Шетелде бірнеше жыл тұрдыңыз. Ол жактағы қазақтың жастары немен



Е.Тұрсынов: Бұрынғы қазақ ашық еді. Өзім ауылды жерде туып-өскенмін. Мысалы, мен Америкада тұрғанда, ең қиыны дүкеннен нан сатып ала алмайтынмын. Тілімізді түсінбей жатады. Сол кездерде түсіме ығи ауылым кіретін. Тіпті өмірден бұрын өткендер де жүреді.

Кезінде қазақтардан безіп, шетелге қаштым. Жазушылар одағында жиын болып, сайлау кезінде Мұрат Әуезовті ұсынғанбыз. Сонда ең соңғы отырыста Мұратты дағаттап, соны қаралап сөйлеген біздің аксақалдарымызға қатты ренжідім. «Егер Әуезовтің баласына мұндай сөз айтылса, оның қасында не кімнің» деп шетелге кетіп қалдым. Мұқағалидің, Ілиястың басынан кешкен тағдырын естігенбіз. Ойлана келе, «Қазақ онбайды. Бір-бірін жеп бітпей қоймайды» дедім де шетелге кетіп қалдым. Бірақ бәрібір туған жеріңді қимайды екенсің. Мың жерден Америка болса да, сіңісіп кете алмайсың. Бәрі жат, бөтен.

Есімде қалғаны — кетерде пәтерімді саттым. Жалғыз ғана телевизор қалған болатын. Өзі сынық, сата алмадым. Елден кетерде сол теледидарды қосып

қалсам, Қаршыға Ахмедияров Құрманғазының күйін тартып отыр. Көзіме жас келді. 4 жылдан соң елге оралып, жаңағы теледидарды қайта қоссам, тағы да Қаршыға ағам домбырасын тартып отыр. Күлдім де, «Әй, осы қазақ өзгермейді» деп басымды шайқадым. «Елу жылда ел жаңа» демеі ме. Біз бұл заңды бұзып, 25 жылдың ішінде өзгердік. Қазақтың қазақ қазақ емес. Бұл — басқа халық іспеттес. Оны тіпті менде айта алмаймын. Өйткені тенеу теңеспейтіндей



Соңғы жылдары Қайрат Нұртас, Бүркіт сияқты әншілер кино түсіріпті. Көрдім. 2-3 минут қана шыдадым. Одан ары қарай алмадым. Маған «сіз қалай ойлайсыз?» деп сұрақ қойды. Мен, мәселен, эстрадалағы шығып ән айтпаймын ғой. Бұның барлығы жеңіл-желпі қарайтын баланың ойыны емес.



тістеп қаламыз. Киноға ешқандай қатысы жоқ дүние болып қалады.

Жас казак: Сол киноларды, сериалдарды жас буын мен де көргім келмейді. Ал әкешешем анау арзан әзілді түсіну тұлғи, байыбына бара алмайды. Сонда оның көрермені кімдер?

Е.Тұрсынов: Баянның «Қозы Көрпеш пен Баян Сұлуын», «Құлаштың», тағы бір режиссердің «Бауыржанын», барлығын көрдім. Екі нәрсеге тан қалдым. Біріншіден, бұлар ештеңеден қорықпайды екен. Екіншіден, бұлар бақытты адамдар: не көздері көрмейді, не құлақтары естімейді. Бұларға сұрақ та жоқ. Оларға бәрібір. Біздің ұстаздарымыз «Бір тақырыпқа кино түсіретін болсаң, алдымен өзіңнен сұра. Әлің жете ме, жоқ па?» дейтін. Кез келген нәрсеге алдымен іштей дайындық керек. Мысалы, жаттығу залына бара салып, зілдей темірді көтере алмайсыз. Оның да түрлі тәсілі бар. Мәселен, мен «Сұлтан Бейбарысты» 30 жыл болды зерттеп жүргеніме. Мысырға,

Әңгімелескен Жарас КЕМЕЛЖАН, Салтанат ШЕРЫНХАН



Әлеумет

Ел ішіндегі сымсыз телефон «Оңтүстік Кореяда ит басына іркіт төгіліп жатыр» дейді. Соған желігіп, корей барып жұмыс істеп жүрген қанша қазақ баласының аузынан ақ май ағып жарылқағаны жайында аңызға бергісіз әңгіме тарағалы қашан? Ел тәуелсіздігін алып жатқан елең-алаң тұста қияндағы Кореяға тепсе темір үзетін жастар таудың тасқын суындай ағыла бастаған.

Таяуда Көкшетау қаласындағы мектеп-интернатта қатар оқыған Жәнібек Шәріповтің тұнғыш ұлын жер қойнына тапсырдық. Қаралы жиында Жәнібектің ұлы Әлібектің Кореяда зиянды, лас жұмыс істегендігі, сол елде радиациясы көп зауытта табыс табамын деп ағзасына ауру жамағаны жайлы айтып жатты.

қарағанда, ауа райы сөл ғана бұзылса, барлық жұмыс тоқтатылады. Қауіпсіздікті сақтау мақсатында. Жұмыс тәртібі де қатан. Дәл біздегідей қалаған уақытта темекі тарту, құмның үстіне жантайып жата кету, тойға, жаназаға сұрану мүлдем жоқ. Темекіні белгіленген уақытта ғана тартып, түскі асын бір минутын да шығын қылмай, күні бұрын белгіленген кестеге сай ішеді. Айтпақшы, ас-суы демекші, бізден барғандардың көпшілігі кәрістердің тамағына көңдіге алмай, қиналатынға ұқсайды. Әсіресе, наны. Ол жақта жеп үйренген нанды емге таба алмайсың. Әрине, тағамның түр-түрі дастарханды қайыстырып сынсып тұр. Тек дәмі басқа.

Алғашқы бетте балалары Кореяда жұмыс істеп жүрген отбасылар күпіне бастаған. «Менің балам бір айда 800 мың, ал көршінің баласы 600 мың теңге ақша жіберді» деп. Балалары сол жақта жүрген аламдарға кәлімгілдей құрметпен қарайтын болды. Құдлы әлгі жігіттер Кореяға емес, космосқа ұшып барып келген тәрізді. Осы бір жарнама себеп болғандықтан, облыс орталығынан

жасайды. Жататын жерін де, асханан да осында. Тұрмыстық жағдайдың барлығы бар. Тек қоршаудан асып, сыртқа шығуына болмайды. Тәртіп сақшыларына тап болсан, құжатыңды тексереді де, кінәратын анықталған соң шекарадан шығарып жібереді.

Шығарса, шығарсын, оның несі қорқыныш дейсіз ғой. Кореяға жетудің өзі оңай емес. Әрі-бері билет құны — 390 мың теңге. Міндетті түрде турист ретінде барасыз. Турист ретінде барған соң түп-тура 110 мың теңгені бес күнге қонакүй үшін төлейсіз. Басқа да жол шығынын қоса есептеген кезде 600-700 мың теңге жолға кетеді. Егер жолыңыз болмай қалса, міне, осындай шығынға ұшырайсыз.

Таяуда әлеуметтік желіде осы Кореяда өтіп жатқан ХХІІІ қысқы Олимпиаданы көруге барған екі отандасымызды көріс жағының әуежайына жеткенде ұстап, әрі қарай жібермей жатқаны туралы шұғыл хабар таралды. Бұл да жайдан-жай емес. Кейбіреулер спорт жанкүйерлігін сылтау етіп, заңсыз жұмысқа өтіп кетеді деп сексенденуінен. Олимпиада кезінде өте

Көкейкесті

Өздері болса бір сәрі?! Бір емес, төрт баланы қарулы қақтығыстың қақ ортасына алып кететіндей, қандай мұқтаждық болды екен? Атырау облысы Ішкі істер департаменті криминалдық полициясы таратқан ресми хабарламаны көргенде, ойымызға келген алғашқы сауал осы болды.

ТАҒДЫРЫ – ТҰМАН,



Сирия аумағына қашып шыққан отандастарымыз туралы бұған дейін де жарияланып жүр. Десе де, бұл оқиғаның трагедиясы сол, исламның атын жамылған қылмыстық іске ата-анасы бейкүнә сәбилерді араластырып отыр.

Осыдан тура үш жыл бұрын орын алған оқиғаның қысқаша желісі мынадай. Қыстың соңғы айы, алтыншы ақпан болатын. Ләззат (кейіпкердің есімі өзгертіліп алынды

бір қызын саналы түрде қарулы қактығыс нүктесіне алып өткен Ләззат сол кезде өз шаңырағын өз қолымен ортасына түсіргенін білмеген еді...

Қазіргі таңда еліміздің құзырлы мекемелерінің өзі Ләззаттың және ол алып кеткен сәбилердің тағдыры туралы қандай да бір ақпараттан бейхабар. Алды быыл онға толатын балалардың өлі-тірісінен еш хабар жоқ. Осы сұраққа жауап іздеп жүріп,

ТАЛАЙЫ – ТҮНЕК

— авт.) күйеуімен бірге ілесіп, қаланың как ортасындағы көпқабатты үйде орналасқан пәтерін өз еркімен тастап шығады. Құзырлы мекемелер таратқан құпия мәліметте алғашында Атырау — Ресей сызбасынан басталған жасырын сапардың Түркия аумағына аяқ басқаны айтылады. Кейін кейіпкеріміз Түркия арқылы Сирия аумағына келергісіз өтіп, лаңкестерге қосылған. Осы кезде небәрі 25 жастағы келіншектің қолында төрт бірдей көмелетке толмаған баласы болған. Ең кішісі үшке енді толған. Одан үлкені төртте, алынғы екеуі жеті-сегізде. Алтын асықтай үш ұл мен

Ләззаттың анасының байланыс нөмірін таптық. Кездесу мүмкін болмады. Бірақ «Шапағат» деструктивті діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек көрсету орталығының теологтары хабарласыпты. Олар телефон шалғанда, қайғыдан қан жұтқан ана мардымды жауап бере алмапты. Сонша жылдан бері анасы туған қызының дауысын естімеген болып шықты. Ләззат Сирия аумағына өткен 2015 жылы ғана қайын енесіне бір-екі рет қонырау соққан екен. Одан кейінгі тағдыры белгісіз. Теологтармен сөйлесуге құлық танытпаған ананың жүрегі қарс айырылады. Іштен шыққан шұбар жыланның

қайғысы асқар таудай әкені де жықпай қоймапты. Бүгінде Ләззаттың әкесі ауыр сырқатпен күресіп жатыр.

Әдетте, сарапшылар жат ағымға негізінен оқымаған, жұмыссыз бос жүрген жастар баралы деп жатады. Біз бұл пікірмен жүз пайызға келісе алмаймыз. Себебі Ләззат Атыраудағы №15 орта мектепті аяқтаған соң, 2005 жылы жергілікті политехникалық колледжге оқуға түседі. Сол оқу орнын 2009 жылы экономист мамандығы бойынша тәмамдап шығады. Колледж қабырғасында жүріп, салафилік ағымға бетбұрған көрінеді. Өткен жылы Атырау облысы дін істері басқармасы жиырма тоғыз атыраулықтың шет мемлекеттердегі күмәнді оқу орталықтарында жүргенін жариялап, бес атыраулықтың ДАИШ лаңкестік ұйымының қатарында соғысып жүргенін мәлімдеген болатын. Еліміз бойынша отты аймаққа өз еркімен кеткендер саны әлі күнге дейін нақтыланбай отыр. Қалай десек те, деструктивті ағымдардан сақтану — әр үйдің табалдырығына жеткен ортақ мәселеге айналып отыр...

Баян ЖАНҰЗАКОВА, Атырау облысы

Жаман аурудың жүрметін жері бар ма?

Оңтүстік Кореяның дәмін татып келген Бектемір Көшімбаев «Оңтүстік Кореяда бізден барғандарды қара жұмысқа салады екен. Өз адамдары ондай зиянды әрі қауіпті жұмысты істей қоймайды. Мұндай жұмыс ақша төлесе болды, қандай қатерге де басын тігуге бел буып келген өзге жұрттың өрендеріне ұсынылады. Сырттан келген қазақ баласы әйтеуір уақытында, жұрт қатарлы жалақы алғанына мәз», — дейді.

Білетіндердің айтуына қарағанда, жалақының қомақты болуы Оңтүстік Кореяда еңбекақының доллармен төленуіне байланысты. Көпірген көкала қағазды еліміздің төл теңгесіне алмастырған кезде туған жерінде қолыңмен ұсталақ түгілі, көзіңмен көре алмайтын сома болып шыға келеді. Бірақ қазір тәртіп қатал. Алғашқы емес, жұмыс істегеннің бәрі жайлы жер таба алмайды. Әлдебір себептермен әуежай басындағы кеденнен кері қайтатындары да көп.

СОҢЫНДА ЖҮРГЕНДЕР

шалғайда жатқан, екі қолына бір күрек таба алмай отырған, болашағы беймәлім шағын ауылдың жігіттері бір-біріне елбесіп-селбесіп кете бастады. Ағасы інісін, інісі құрдасын сүйреді. Майын тамызға мактады. Бір жол салып алған соң сол сұрлеумен ел дүмеп тартты. Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Тайынша ауданының шок жұлдыздай ғана Мәдениет ауылының жартысынан астамы қазір сол Кореяда күн көріп жүр.

Жоғарыда біз айтқан зиянды жұмыс істеген соң жер бетіндегі «жәннаттан» ақша емес, ажал тапқандары да аз емес. Бүгінгі жаназада біз соның біреуін ғана көрдік. Есептеп жатқан ешкім жоқ. — Оңтүстік Кореяда жалғыз қазақстандықтар ғана емес, Ресей,

онай деп көкшетаулық қара жұмысқа тіленгендер бір дүмеп қалды. Оны туристік фирмаларда Кореяға құжат рәсімдеушілердің қарасынан аңғаруға болады. Кореяға тікелей ұшатын ұшақтың жоқтығынан, көкшетаулық жолаушылар Астана арқылы ұшуда.

Осы арада мына бір деректі келтіре кетейік. Оңтүстік Кореяға турист ретінде барып, сонда қалып қойған, жұмыс істеп жүрген 40 мыңға таяу отандасымыз бар деседі. Бұл - ресми дерек. Ал оның сыртындағылардың қанша екенін жалғыз жаратқан нөміз ғана білетін шығар.

Өткен жылы елімізге отандастарымыздың аударған ақшасының мөлшері 2016 жылдағыдан 2,1 есе асып түсіп, бұрынғы 9 миллиард теңгенің орнына 18,8 миллиард теңгеге жеткен. Сөйтіп бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан Ресейден кейінгі екінші орынға жайғасыпты. Осы көрсеткіштен-ақ корейдің қара жұмысын атқарып жүрген отандастарымыздың шамасын байқауға болады.

Бұл арада қауіпті жұмыс атқарып, денсаулығын, қара басын бөйгеге тіккендерді кінәлаудан аулақпыз. Ел ішінде жарытымды жұмыс болмағандықтан, мойындарына бір емес, бірнеше несие іліп алған соң, амалсыздан барып жатыр емес пе. Әйтпесе, Арқада күн жайлы болса, арқардай азаматтар аумас еді ғой.

Енді осы бір ұлт болашағы, ұландарымыздың денсаулығы үшін бұған қалай тосқауыл қоямыз? Тәуелсіз елдің тұғырын биіктетудің орнына жат жерден жұмақ іздеп жүрген жастар Оңтүстік Кореяның көсегесін көгертенше, туған жеріміздің төсін гүлдендірмей ме?

Одан шығар бір-ақ жол бар. Ұлт намысын жану керек, жігерін қайрау керек! Шалғайдағы шағын ауылдарға көңіл бөлінсе, қанша қазақ баласы кредит қуып, жылы орнын суытып, Корея аспас еді ғой. Жылы үйінен жұмақ таппаған соң, жат жұртты жағалап нәпақа тауып жүр.

Байқал БАЙӨДІЛОВ, Ақмола облысы



Барып-келгендердің айтуына қарағанда, Оңтүстік Кореяның дамуы мықты. Бізден барғандарды құрылыста, зауыт-фабрикаларда пайдаланады. Басты себеп, өздеріне жұмыс күші жете бермейді. Әрі оның үстіне сырттан келгендерді өз есебінше тәулігіне жалдауға болады. Тәртіптері де жақсы. Мәселен, құрылыста істеген бір жігіттің айтуына

Өзбекстан, Қырғызстанның да азаматтары бар, — дейді Руслан Алдонғаров дейтін Кореяға барып жұмыс істеп келген бір жігіт, — дегенмен біздің елдің адамдары көп пе деп қалдым. Оның айтуынша, кеденнен әупірімдеп бір өтіп алсаң, қалғаны оңай. Айталық, зауыт салып жатқан қожайын құрылыстың ішінде бар жағдайын



(Басы 1-бетте)

Дүниежүзіндегі барлық ел өзінің тәуелсіз мемлекет екенін көрсету үшін өз географиясын жеке пән ретінде оқытады. Бұрынғы КСРО-ның құрамынан бөлініп шыққан елдер де (*Ресей, Беларусь, Украина, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан және т.б.*) **географияны жеке пән** ретінде оқытып келеді. Алыстағы шетелдерден мысал келтірсек, жер аумағы Қазақстанның бір ауданындай ғана болатын Израиль өз елінің географиясын екі бөліп, бір жыл бойы «Израильдің



физикалық географиясы» (*табиғатын*), сонан соң екінші жылы «Израильдің экономикалық және әлеуметтік географиясын» оқытады.

Дүниежүзіндегі қалыптасқан жүйеге сай, 1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, сол кездегі ҚазКСР білім министрлігінің арнайы тапсырмасы бойынша жана 136 сағаттық оқу бағдарламасы құрастырылып, 2 рет географиядан республикалық атаулы мектептің республикалық ғылыми-практикалық семинарларында талқыланып, география пәні мұғалімдерінен қолдау тауып, оны білім министрлігі бекітіп, барлық типтегі мектепке таратылған **«Қазақстан Республикасының географиясы»** курсының бағдарламасы осы уақытқа дейін оқытылып келді. «Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпға міндетті стандарттары» (*МЖМБС, 2002*) жинағының 9-бөліміндегі «география» оқу пәнінің базалық білім мазмұнында (*164 бет*), Қазақстан географиясы пәні 8-9 сыныптарда оқытылатыны туралы тайға таңба басқанай жазылып тұр. Ал білім және ғылым министрлігінің 09.07.2010 ж. №367 бұйрығымен бекіген, «Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында жалпы «Жаратылыстану» ғылымдары деп топтастырылған. Оған: география, биология, физика, химия пәндері енгізілген. «География» деп жалпы атпен жазылып, оның ішінде «Қазақстан Республикасының географиясы» деген пәннің аты толық жазылмай түсіп қалған.

ЖАҒРАФИЯ ПӘНІНІҢ ЖАҒДАЙЫ МҮШКІЛ

қадірлейтін азамат тәрбиелеп, білім беруде, география пәндерінің ішінде «Қазақстанның физикалық географиясы» мен «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» маңызды зор екенін түсінбей, мысал ретінде берген. Бағдарламаны құрастырған авторлар педагогикадағы жылдар бойы қалыптасқан географиялық білім беру жүйесін сақтамаған.

«Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі ұсынып отырған бағдарламада 7-сыныпта «Қазақстанның топырағы» (*39-бет*) тақырыбына 1 сағат қана берілген. Ол оқушыларға

ретінде қарастырмау үшін осындай әдісті қолданған болатын. Сондықтан expertтік комиссия мүшелері тәжірибелі ұстаздар мен ғалымдар болғандықтан, осы жіберілген қателікті көрсетіп, келешекте түзетіледі деген үміттеміз.

Еліміз егеменді мемлекет болғаннан кейін, дүниежүзіндегі әрбір мемлекет егемендігінің символдық оқу пәні ретінде 8-сыныпта **«Қазақстанның физикалық географиясы»** курсынан оқушылар Қазақстанның географиялық орны, табиғат жағдайы, зерттелу тарихы, жер бедері, климаты, ішкі суы, топырағы, табиғат кешендері, табиғат зоналары, ірі физикалық-географиялық аудандары және табиғатты қорғау тақырыптарын географиялық тұрғыдан нақты іргелі білім беру талаптарына сай оқытылып, 9-сыныпта **«Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы»** курсына оқушылар республикамыздың шекарасы, дүниежүзінің саяси картасындағы Қазақстанның алатын саяси-географиялық орны, мемлекеттік құрылымы, халқы және еңбек ресурстары, табиғат ресурстары, оларды шаруашылыққа тиімді игеру жағдайлары мен экономикалық аудандары бойынша білім алып жатқаны айтылып, экспорттық комиссия осы пәндерді өз орнында қалдыру туралы шешім шығарған болатын. Осы ойымызды айтып білім және ғылым министрі Ерлан Сағдиев мырзаның атына 2017 жылы 10 шілдеде хат жолдаған едік. Оған қазіргі кезде 8-сыныпта оқытылып жатқан **«Қазақстанның физикалық географиясы»** мен 9-сыныпта

«Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» пәндері туралы 14.08. 2017. №ФЛ-КЕ-992-1/11-2 хатында: «Ешүақытта жеке пән ретінде оқытылмаған» деген жауап алдық.

Білім министрлігі қызметкерлері жалпы орта білім беретін мектептерде соңғы 25 жылдан бері қандай пән оқытылып жатқаннан бейхабар болып шықты. Оны 2017 жылы 12 желтоқсанда 31 телеарнаының «Информбюро» жаңалықтарында көрсеткендей, министр мырза, 8-сыныпта **«Қазақстанның физикалық географиясы»**, 9-сыныпта **«Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы»** келесі, 2018 жылғы оқу маусымынан бастап оқытылмайтынын, тіпті хабарсыз болып шықты. Сонда білім және ғылым министрлігінде болып жатқан өзгерістерге кім жауап береді? Білімдегі жанарту деген бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі білім беру жүйесінің тамырына балта шабу емес, қайта жақсы жағын алып, оны ары қарай дамыту емес пе?! Ұстаздар қауымына білім және ғылым министрі Е.Сағдиев мырзаның 1997 жылдан бері бес рет өңделіп, соңғы рет білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 8 қаңтардағы №13 бұйрығының 1-қосымшасында қайта бекітіліп, мектептерде қолданыста жүрген оқулықты біле тұра, «Қазақстанның физикалық географиясы» және «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» атты оқу пәндері болған емес», — деп жауап бергені, тіпті түсініксіз. Біз «Жаңа мазмұндағы бағдарламаны» жазған авторларға, министрліктен келген жауапты қызметкерлерге қателікті көрсете отырып, ойымызды жазбаша түрде бердік. БАҚ құралдары арқылы пікірмізді ашық айтып, жария еттік. Алайда бірнеше рет айтсақ та, министрліктің жауапты қызметкерлерінің естісі келмей жүргеніне 11 айдың жүзі болды.

Еліміздің биылғы қаңтар айында Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесіне төрағалық етуі — дүниежүзілік қауымдастықта «Мәңгілік ел» болып танылып отырғанының бір белгісі. Сондай-ақ Елбасының **«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»** мақаласында ұсынылған «Туған жер» бағдарламасы мен **«Қазақстанның киелі орындарының географиясы»** анықталып, оған Қазақстанның табиғи ландшафт нысандары, археологиялық және архитектуралық ескерткіштер, ерекше ардақ тұтатын діни нысандар және тарихи тұлғалардың және саяси оқиғалармен байланысты киелі орындары енгені барша елді бір қуантып тастады. Қазақстан географиясы пәнінде оқытып жүрген «Ерекше қорғалатын табиғи мұра ескерткіштері» санаты бойынша тізімге Ұлытаудағы Ақмешіт Әулие биігі, Хан Төңірі шыңы, Алтайдағы Мұзтау шыңы, Қазығұрт тауы, Жамбыл тауындағы және Абай ауданындағы «Қоңыр әулие» үңгірлері, «Отпан тау» тарихи-мәдени кешені, «Бектау ата» тауы және үңгірі,

Жылаған-ата үңгірі, Шарын шатқалы енгізілді. Бұл халықтың көңілінен шығып, қолдау тауып жатқан кезде, қазақ елінің географиясын жеке пән ретінде оқытпау келешек ұрпақ алдында орны толмайтын, ал жастарға білім беруде жіберілген үлкен кемшілік болады деп есептейміз.

Елімізде болып жатқан жетістіктердің бәрін оқушыларымызға Қазақстанның дүниежүзінің саяси картасындағы орны мен экономикасына қосқан үлесін мақтанышпен айтып оқытатын «8-сыныптағы **«Қазақстанның физикалық географиясы»**, 9-сыныпта **«Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы»** келесі оқу жылынан бастап жеке пән ретінде оқытылмайды» деп тұрғаны ұстаздар қауымын қатты толандырып отыр.

Қазақстан Республикасы географиясы пәнінің 8-9 сыныптарда оқытылу қажеттігі мынада: 9-сыныптан кейін көптеген оқушылар жеке мамандық беретін кәсіптік-техникалық колледжде оқиды. Сондықтан әрбір оқушы туған елі мен жері туралы толық мәліметті алуы үшін бұл пәннің болуы маңызды. Атап айтқанда, еліміздің табиғат жағдайларының ерекшелігі мен табиғи ресурсы, жері, суы, пайдалы қазбалары туралы білімін қалыптастыру үшін; еліміздің халқы, олардың табиғат зоналары мен ірі өндірісі, өнеркәсіп орталықтарына байланысты қоныстану ерекшеліктері, халқының саны, өсу динамикасы, ұлттық құрамы мен еңбек ресурстары, қазақ халқы мен басқа да ұлттардың дәстүрі, мәдениеті, тілі мен діні, Қазақстан Халқы ассамблеясы туралы жан-жақты мәлімет беру және түсініктерін қалыптастыру үшін аса маңызды. Сонымен бірге республикамыздың мемлекеттік құрылымы, шаруашылығы, оның салаларының орналасуы мен таралуының географиялық ерекшеліктері, өндіріс орындары, ауыл шаруашылығы мен көлік кешені географиясы туралы ұғымдарды қалыптастырып, Отанымыздың табиғат ресурстары мен табиғи байлығын шаруашылық салалары бойынша игеру барысында болатын жергілікті жердегі экологиялық кері әсердің алдын алу шарасын, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану ұғымдарын түсіндіру және қалыптастырудың маңызы айрықша.

Бұл хатты жазып отырған білім саласының ұстаздары **«Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының»** құрамына 8-сыныпта — **«Қазақстанның физикалық географиясын»**, 9-сыныпта — **«Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясын»** пәндерін өз орнында қалдыруды сұраймыз. Мақсатымыз — бұл пәндерді оқыту арқылы жастардың Қазақ елі мен жері туралы қоғамдық-саяси түсінігі мен көзқарасын жаңаша қалыптастыру. Еліміздің өрі өңіріндегі мыңдаған мұғалімнің пікірін ескеріп, осы уақытқа дейін, соңғы 20 жылда оқытылып келе жатқан бағдарламаны толықтырып, өмір талабына сай өңдеп, мектеп мұғалімдеріне алаңсыз жұмыс істеуге жағдай жасау керек.

Еліміздің барлық аймағынан қол қойған мұғалімдердің атынан:

• *Аягул Мирзозова — Қазақстанның еңбек ері, «Алтын жұлдыз», «Отан» ордендерінің иегері, «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері». Алматы қаласы бойынша мектеп директорлар кеңесінің төрайымы.*

• *Әселхан Қалыбекова — Қазақстанның Халық ақыны, Жамбыл атындағы мемлекеттік сыйлық иегері.*

• *Ұлжағас Есназарова — «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері», Қазақстан Білім беру ісінің үздігі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Жаратылыстану академиясының академигі, Географиядан республикалық атаулы мектеп жетекшісі.*

• *Гүлнәр Нүсіпова мен Шарип Нәдіров — география ғылымдарының докторлары, Аманкелді Темірбеков — ҚазҰУ-дің профессорлары.*

• *Гүлзира Оразымбетова — география ғылымдарының кандидаты, ҚазҰУ-дің доценті.*

• *Анига Қозыбақова — Қазақстан Білім беру ісінің үздігі.*

Барлығы 70 ұстаз қол қойған.

Елбасы, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының атына жолдаған хатымызға, 2017 жылдың 15 желтоқсандағы № 407/ЖТ-Ұж.-12833,1/11-2-31 білім және ғылым вице-министрі Б.Асылыова қол қойған жауап хатта: **«Қазақстан географиясы» пәнін қосымша енгізу білім алушылардың шектен тыс білім жүктемесінің өсуіне, оқулықтың интенсификациясына, оқу материалын меңгеру үшін уақыт тапшылығының пайда болуына әкеліп соғалды»** деген жауап алдық.

Күрметті отандастар! Білім және ғылым министрлігі қызметкерлері ая қарап отыр ма? Бізге тек сағат қана емес, Қазақстан егемен ел болғаннан кейін қолымыз жеке пән ретінде оқытуға зорға жеткен «Қазақстан географиясын» өз орнында қалдыруды сұрап жүрміз. Еліміз әлемге танылған тарихи кезеңде Туған жерінің, Туған елінің географиясын оқыту бірінші кезекте тұрса деген ойдаймыз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылы жарияланған **«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»** мақаласындағы **«Туған жер»** бағдарламасына зор көңіл бөлініп жатқан тарихи кезеңде, «Қазақстан географиясын» жеке пән ретінде оқытпау келешек ұрпақ алдында кешірілмес күнә, саяси тұрғыдан жастарға білім берудегі үлкен қателік болады.

Ұлжағас ЕСНАЗАРОВА,
Алматы қаласы М.Базарбаев атындағы №138 қазақ гимназиясының география пәні мұғалімі, профессор

Сәті түскен сұхбат



Петер ФИНКЕ:

ҒЫЛЫМ ҚОҒАМДЫ ӨЗГЕРТУГЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Жуырда Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранттары Швейцарияның Цюрих қаласындағы университетте тәжірибеден өтті. Жас ғалымдар он күндік іс-сапарда «Орталық Азиядағы антропологияның зерттеу тақырыптары мен теориялық мәселелері» атты жазғы мектепке қатысты. Алып тауының бөктеріндегі Вольф-д'Илье ауданында өткен жиында профессорлар мен докторанттардың ғылыми еңбектері талқыға салынды. Осы сәтті пайдаланып, университеттің әлеуметтік және мәдени антропология департаментінің меңгерушісі, профессор, доктор Петер Финкемен сұхбат құрдық. Оның да өзіндік себебі бар. Петер Финке Орталық Азия елдері және посткеңестік қоғам жайлы он жылдан астам зерттеуі барысында еліміз туралы бірқатар ғылыми еңбек жазған.

— Петер мырза, ХХІ ғасырдағы Қазақстанның даму динамикасы туралы ойыңыз қандай?

— Қазақстан халқының өмір сүру деңгейі жақсарып, токсаныншы жылдардағы кезеңмен салыстырғанда, болашаққа деген сенімі күшейді. Оптимистік көзқарас басым бола бастады. Қоғамдық өмірде қарқынды динамика байқалады. Қазақстандықтардың материалдық жағдайы жыл өткен сайын өсуінің өзі маңызды болып табылады. Шетелде оқуға және жұмыс істеуге мүмкіндік көп. Қазақстан азаматтары көп саяхаттап, ел-жер көріп, басқа елдермен байланысы артып. Соның арқасында батыс елдерімен интеграциялық үрдіс өте жақсы деңгейде жүреді. Сіздер секілді көптеген жастар шетелде білімін шыңдап, өз-өзін дамытуда. Жастардың жаналыққа, білімге, жақсы нәрсені үйренуге ұмтылуы қоғамды алға сүйрейтіні анық.

— Қазақстан мен Батыс елдері арасындағы оқыту үрдісі, ғылыммен айналысу бағыты арасындағы айырмашылық, ерекшелік қандай?

— Біріншіден, қазақ ғылымының қалыптасу, даму барысында кеңестік кезеңнің ықпалын көре аламыз. Қазақстандағы ғылымның басты мақсаты — қоғамға тікелей әсер ету. Ғалымдар көбінесе жаналық ашып, оны қоғамдық өмірге енгізуге және



қоғамға пайда әкелетін шетелдік жанағылықты қабылдауға бейім. Ал батыс ғылымы жаналық ашу мен талдау жүргізуге бағытталған. Қазақстан ғылымы қоғамды өзгертуге жұмыс істейді. Қоғамдық ғылым әлеуметтік өмірге өзінің әсерін тигізіп, әрдайым кеңес, бағыт-бағдар беріп отырады. Жоғары оқу орындарының білім беру жүйесінде де, мысалы, магистр мен PhD доктор дәрежелерінің арасында үлкен айырмашылық бар. Министрлік пен оқу орындары арасында байланыс өте аз. Көбіне билікке тәуелді. Мұны мен Қазақстан жоғары оқу орындарын аккредитациядан өткізу барысына сарапшы болғанда және ЖОО-да лекция өткізген кезде байқадым. Қазақстанның білім беру жүйесі мен ғылыми бағыты батыстық жүйемен салыстырғанда, айырмашылық өте үлкен екендігі бірден байқалады. Сондықтан, жас ғалым мен студент ғылымды көбіне шетелден іздеуге, үйреніп, оқып-білуге ұмтылуда.

— Сіз мәдени антропология ретінде мәдениеттану мамандығының болашағы, қоғамдық деңгейдегі маңызы туралы ойыңызбен бөліссеніз. Өйткені біздің елімізде мәдениеттану мамандығына сұраныс аз. Жоғары оқу орындарында студенттердің осы мамандықты тандау көрсеткішінің жыл өткен сайын төмендеп бара жатқандағы байқалады.

— Еуропа елдерінде мәдениеттану мен мәдени антропология ғылымдарына қызығушылық аса жоғары өрі мемлекеттік деңгейде де жоғары сұранысқа ие. Бұл жағынан еуропалық елдердің мәдени бағыттағы зерттеуінің тарихы тым тереңде жатыр. Сондықтан ешқандай мәселе жоқ. Қазақстанда да қазіргі кезеңде мәдениет саласына көп көңіл бөлінуде. Мемлекет тарапынан қолдау бар. Алайда, менің ойымша, сіздерге мәдениеттану мамандығының ашылып, зерттеудің басталғанына көп уақыт өте қоймағандықтан, адамдар бұл мамандықтың болашағына күмәнмен қарайды. Жұмыс таба алмай қаламын деген қорқыныш басым. Еуропада мәдениеттанушы немесе мәдени антрополог қоғамның қай саласында болса да жұмыс таба алады. Мысалы, журналистикада, музей саласында, мәдени индустрия мен маркетингте, көптеген студент халықаралық компаниялар мен білімдерде жұмыс атқаруда. Себебі қазіргі таңда халықаралық деңгейдегі жұмыс орындарында әлемнің әр түрлілерін келген жұмыскерлердің арасында жақсы байланыс орнату немесе жақсарту үшін міндетті түрде мәдениет антропологтардың не мәдениеттанушылардың көмегіне жүгінеді. Алуан түрлі мәдениет өкілдері арасындағы ынтымақтастықты қалыптастырудағы мәдениеттанушылардың рөлі орасан зор.

— Алдағы уақытта Қазақстанмен байланысты қандай жоспарыңыз бар?

— Жуық арада Қазақстанға барамын. Бір айға жуық боламын. Қазақстандық екі PhD докторантпен бірге диссертациялық жұмысы бойынша бірлесіп зерттеу жүргіземіз деген жоспарымыз бар.

— Сұхбат алуға келісіп, Қазақстан жайлы ойыңызбен бөліскеніңіз үшін зор алғысыңызды білдіреміз!

Сұхбаттасқан
Назым БАСҚЫНБАЕВА,
ҚазҰУ магистрі

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» САУАЛЫ

— Бақытгүл ханым, өткен жолы жағрафияға қатысты депутаттық сауал жолдадыңыз. Осы уақытқа дейін жауапты мекемелерден мардымды жауап ала алдыңыз ба?

ЖАУАБЫ

Бақытгүл ХАМЕНОВА,
Мәжіліс депутаты:

— Сауалымызға жауап алдық. Бірақ, қанағаттанбадық. Олар «Бұған дейінгі халыққа берген мәліметке сай, жаңа бағдарлама бойынша жүріп келеміз. Бұрын бұл болған емес. Сондықтан да жаңа бағдарламаларды легімен топтастырып, бәрін жинақтап жатырмыз. Аты өзгергенімен, заты қалды. Керісінше, заман талабына сай мазмұны жаңарып, толықтырылды» деген мағынада жауап қайтарыпты. Мен біраз нәрсені түсіне алмадым. Қазіргі таңда 9, 10, 11-сыныптардың типтік оқу жоспары әлі бекітілмеді. Географияның мазмұны, мәні талапқа шынымен сай болса, неге «Қазақстан географиясы» деп толықтырып жазбасқа? Менің түсінбей тұрғаным осы. Неге министрлік Қазақстан деген сөзді географияға қимай тұр? Қазақтың жер-жүзі оң оқулықта қамтылса, заты ғана емес, аты да сай болу керек. Типтік оқу жоспары әлі шыққан жоқ. Тіпті 7,8-сыныптың кітаптары да әлі шықпады. Бірақ оған қыруар қаражат пен материалды бөліп жатыр. Ең болмаса, сол жерде жазып өтуге мүмкіндік бар емес пе? бұл сұрақтарыма жауап берілмеді.



Ал тарих пәнінен барлық курсты «Адам және қоғам» деп топтастырғанымен, «Қазақстан тарихы» жеке пән ретінде жазылып тұр.

Алматы қаласындағы №12 қазақ гимназиясында 2017 жылғы 2-3 ақпанда Қазақстанның білім және ғылым министрлігінің басқаруымен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы және «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ бірлесіп құрастырған «Жаңартылған мазмұндағы **География»** пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің 7-8-9-сыныптарына арналған оқу бағдарламасын expertтік талдаудан өткен болатын. Expertтік талқылаудың жетекшісі және мүшелері сын пікірлерін, соның ішінде «Қазақстан географиясы» жеке пән ретінде жана мазмұнды бағдарламада қарастырылмағаны үлкен

Қазақстанның географиялық орны, жер бедері, геологиялық құрылымы, климаты тақырыптарынан соң оқытылатын тақырып. Біз қазіргі уақытта «Қазақстанның топырағы» тақырыбын 4 сағат көлемінде оқытып жүрміз. 8-сыныпта экономикалық география зерттейтін тақырыптар берілген (*52-53 беттер*). 9-сынып бағдарламасында «Қазақстанның физикалық географиясы» курсының тақырыптары берілген (*57-58-59 беттер*). «Қазақстанның географиялық орны» деген тақырыпты 11-сыныпта оқу жылының соңына қойып, география ғылымдарында қалыптасқан ғылыми жүйе бұзылған. Бұл ұсыныс жаналық емес. Кезінде кеңестік тоталитарлық оқу бағдарламасында одақтас республикаларды, солармен бірге Қазақстанды да жеке мемлекет

СҰХБАТ



Жас казак: Аман, бүгінгі кездесуіміздің себебін жақсы білесің. Журналистика саласында жұмыс істегеніне 5-6 жыл болды. Өзін жайында осыған дейін тек жақсы пікір естіген едік. Бірақ соңғы кезде бағдарламаға келген қонаққа анайы сұрақ қойып, қисынсыз әрекетке барып жүрсің. Оны отандық бір телеарнада жүргізетін «Кешкі кездесу» деп аталатын бағдарламада бастадың. Елімізге белгілі азаматтарды студияға шақырып, шарап ұсынғаның көптің жадында қалып қойды. Ол әрекетін де әлеуметтік желіде қызу талқыланды. Осыған қатысты көзқарасың қалай? Әлде эфирге еркіндік әкелің келді ме?

Аман Тасыған: Иә, мұны еркіндік дегенім дұрыс болар. Бірақ еркіндік пен ессіздікті шатастырып алмауымыз керек. Еркіндіктің те белгілі бір мөлшерде ішегі болады. Мысалы,

Қазір тележурналистикада эфир жасаған әсірген қыз-жігіттер алуан түрлі амал-айлаға барады. Ештеңеден тайынбайды. Мәселен, біреулер сұхбатқа шақырған қонағына қисынсыз сауал қойғанда, ол мұның бетіне су шашып, студияда кінәсізін «соғыс» басталып кетеді. Тағы біреулер анайы сұрақ қойғанға әуес. Біздің сұхбатқа шақырған қонағымыз да ғаламторда өз арнасын ашып, алдына келген қонағына тұрпайы сауал қойып әсір. Өзі телеарна арқылы көрермен қауымға азды-көпті танылған жігіт. Оған осындай дүние не үшін қажет болды екен?

барлығыңыз мені жазаласаңыздар болатын еді. Ішетін адам жарнамасыз да ішеді. Өзім арақты ауызға алмаған адаммын. Мын жерден жарнамалап жатса да, ішпеймін. Міне, сол сияқты дүние ғой бұл.

Жас казак: Түсінікті. Дегенмен өзін эфирге шақыратын атактыларға еліктейтін жастар көп. Ол жағын ойламадың ба?

Аман Тасыған: Атактылар жайында кез келген адам өзінің санасына керемет сурет салады. Ішпейді, түзу жүреді, ерсі әрекеті жоқ деген сияқты. Күндердің бір күнінде оның шынайы бет-бейнесін көрген кезде, көрерменнің санасында

Аман ТАСЫҒАН:

Саналы түрде «құрбандыққа» бардым

телеарнадағы бетпе-бет сұхбатта алдын ала дайындалған сұраққа дайын жауап беріледі. Келген қонақ толқаш ашылмайды. Қазір сіз екеуіміз күнделікті өмірдегідей әңгімелесіп отырмыз. Телеарнадағы бір сағаттық бағдарлама



жүргізген уақытым да өтіп жатқан өмірімнен сырт қалмайды ғой? Сол себепті біреудің, яғни мінсіздің рөлін ойнағым келмейді. Өмірде қандаймын, эфирде де сондаймын.

Жас казак: Қонақты эфирде насихаттаудың қажеті қанша еді?

Аман Тасыған: Студияға келген қонақтарымыз өмірде қонақ ішеді, темекі тартады. Эфирдегі жағдай да өмірдің бір сәті. Біз аузына мүлде арақ алып көрмеген адамға ішімдік ұсынған жоқпыз. Егер мүлдем ішпейтін адамға қонақ ұсынсам, онда

үлкен бір төңкеріс болады. Қабылдай алмай қалады. Қарап отырсак, Төреғалидің таяқ жегені де содан. Өмірде ол басқа адам. Ал сахнада, көрерменнің көзінде мүлде басқа болып қалыптасқан. Шынайы бет-бейнесін көрген кезде жұрт қабылдай алмады. Екеуіміз отырған үстелдің табиғи ағаштан жасалғанын қабылдай аламыз ба? Оны орманның ішіндегі кәдімгі ағаш екенін айтса, «Әдемі, басқаша ғой, қалайша жәй ағаштан жасалады» деп сенгіміз келмейді. Әдемілікті, жасандылықты қатты насихаттап жібереміз. Осының кесірінен кей кезде шынайы сырласатын адам таппай қаламыз. Өйткені жасандылық жайлап кетті. Менің ойымша, кез келген дүние еркіндікте дамиды. Біз ата-ана ретінде баланың мүмкіндігін шектейміз.

Жас казак: Еркіндік деп жүріп есірің кетпейміз бе? Қазір сол еркіндіктің «жемісі» байзақовалар емес пе?

Аман Тасыған: Теніздің түбінде өмір сүретін балықтар бар. Бір қызығы, олар теңіздің бетіне шыққан кезде бірден «атылады». Сол сияқты біз қоғамды, баланы тұншықтырған сайын болашақта оқуға түсіп Америкаға барар болса, «атылатыны» анық. Ауылдан келген қыздардың да Алматыға келіп, түрлі қылық шығаратынын жақсы білеміз. Мысалы, өзін айтқан Айжан Байзақова. Ол тіптен «жарылған» адам. Өзінің бір сұхбатында оған қылылық жетіспегенін айтты.

Жас казак: Бүгінде бір-бірінің бетіне шай шашып, сенсация қуалайтын

жоба қаптап кетті. Десе де, студиядан шыққан соң, рахмет айтып, тарқасып жатады. Сондағы екеуінің көздеген мақсаты — рейтинг. Өзін де соңғы кезде Youtube желісінде TalkLike жобасын қолға алды. Ол жерде белден төмен әңгіме жиі айтылады. Бұл не сонда? Аманның атак қуалаудағы амалы ма?

Аман Тасыған: Бұл стратегиялық, мақсатты түрде жасалып отырған қадам. Өкінішке қарай, біздің әріптестеріміз кей кезде соңына жетпей байбалам салады. Мысалы, бір жұлдыздың ғаламторда, әлеуметтік желіде жазғанын керемет жаналық етіп шығарады. Журналистер үшін ол ұят. Ал менің белден төмен сұрақ қойтын сұхбатымның өзіндік сыры бар. Осы жерде «Қалаулым» бағдарламасына қатысты бір ғана нәрсе айта аламын. Оның дәл осындай рейтингке не болуына телеарна басшылары тікелей кінәлі. Себебі 2000 жылдары сіз екеуіміздің бала кезімізде, жастардың өзі қатыса алатын, ойын айта алатын бағдарлама көп болды. Атап айтсам, «Мың бір мақал», «XXI ғасыр көшбасшысы», «Азамат» пікірталас клубы, «Алтын сақа» интеллектуалдық ойыны. Ал қазір ше? Жастарға арналған «Қалаулымнан» басқа қандай бағдарлама бар? Сіз де нақтылап айта алмайсыз. Өйткені елең еткізерлігі жоқ. «Қалаулымға» көрерменнің қызығуы да осыдан. Басқа арналарда оның орнын алмастыратын бағдарлама болмай тұр. Жастарды біз қоғамнан шет қалдырдық. Мәнінше, өзбектің футбол құрамасы биыл Ресейде өтетін әлем чемпионатына барғанда, жақсы болар еді. Қазақ футболы сол кезде алға басар еді. Өйткені біз өзімізді өзбекпен

айтқанда, қанша тырыссақ та, бағдарлама негізгі мақсатына жеткен жоқ. Нысанға деп тимелі. Халқымыздың әдебиетіне, мәдениетіне, өнеріне еңбегі сіңген адамдардың әдемі әңгімесін тыңдарманға, оның ішінде жастарға жеткіземін деп ойладым. Бірақ мен жеткізе алмадым. Бұл өте өкінішті. Сол себепті, соңғы сұхбатқа Роза Қуанышқызын шақырдым. Осыдан кейін радиодағы бағдарламаны саналы түрде жаттым. Соны интернетке алып келдім. TalkLike деп аталады. Мен сұхбатымды Қабдеш ағадан бастасам болар еді. Ғажап сұрақ қойып, керемет, көркем жауап алатыныма сенімдімін. Бірақ онда көп адам кірмесе еді. Өйткені қазіргі көрерменнің қалауы басқа. Осыдан екі күн бұрын Тұңғышбай ағаның сұхбаты шықты. Ал бағдарламаны Замирадан бастамағанда оны ешкім көрмейтін еді. Осылайша саналы түрде құрбандыққа бардым. Қоғамның маған деген көзқарасының өзгеретінін жақсы білем. Бірақ мақсатыма жеттім.

Жас казак: Мақсатына жеткен төмен сұрақ қою арқылы жеттің бе?

Аман Тасыған: Кешіріңіз, сонда сіз

Замираға бұдан басқа қандай сұрақ қоясыз? Саяси-экономикалық маңызы бар сұрақ қоясыз ба? Не болмаса, «Аршавинмен құшақтасты» деп басы дауға қалған Ольга Семеновадан еліміздің әлеуметтік, экономикалық жағдайы, әдебиеті, мәдениеті, ұлттық құндылығы туралы сұраймын ба?

Жас казак: Демек, Аман Тасыған өзі шақырған қонақтың дегеніне түсуге дайын ғой?

Аман Тасыған: Иә, саналы түрде дайынмын. Егер де өнер майталмандарына, Тұңғышбай ағаға дәл сондай белден төмен сұрақ қойсам, онда мені табаңға салып, таптауға да болады. Бірақ мен ондайға бармаймын. Екі қазактың дұрыс әңгімесін жеткізу үшін, үшіншісіне Замирадай адамды шақыруға тура келіп тұр. Қазір жақсы хабар жетіп артылады. «Парасат майданы», «Қарекет». Бірақ осылардың өзін «Қалаулым» басып озды. Дегенмен рейтинг әділетті жасалады деп те айта алмаймын. Мысалы, «Кешкі кездесуге» 400-ге жуық бағдарлама түсірдік. Жақсы шыққандары көп. Қанша қызық болса да, ешкім үндемей келді. Есесіне, «қонақ» ішілді» деп дабыралатты. Өрине, сауатты дүние жасағын келеді. Десе де, оны қоғам қабылдамайтын болып кетті. Жұртқа «Неге Замиранен сұхбаттастың?» деген қызық болып тұр.

Жас казак: Өкінішті жағдай!

БАЛАНЫҢ КӨҢІЛІ АНАДА, АНАНЫҢ КӨҢІЛІ...



Баланың көңілі анада, Ананың көңілі...

Серіктестікті дамыту жолында



Саммит аясында ашылған білім беру көрмесінде ҚазҰУ Қазақстанның жетекші жоғары оқу орны ретінде өзінше жеке білім беру бағдарламасы мен ғылыми жобасын ұсынды. ҚазҰУ павильоны шараның қатысушылары мен қонақтары үшін тартымды орынға айналды. Олар университеттің жоғары жетістігімен, кең ауқымды білім беру бағдарламасымен аса үлкен қызығушылықпен танысты.

Университеттің көрмелік экспозициясын саммит ұйымдастырушылары, түрік университеттерінің басшылары, студенттері мен оқытушылары, халықаралық ұйымдардың, салалық министрліктер мен ведомстволардың



табылады. Оның мақсаты — Еуразия аймағының зор ғылыми-білім беру әлеуетін жетілдіріп, кәсіпкерлер мен Үкіметтің арасындағы серіктестікті барынша дамыту.

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі	Тілшілер мен қызметкерлер: Салтанат ШЫРЫНХАН — арнаулы тілші Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16) Баян ЖАНҰЗАҚОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Салтанат ШЫРЫНХАН	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы) Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі) Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2106; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 40 000 дана www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.
--	---	--	---	--